

ЗАПИСКА
О СУДЕБНОЙ
РЕФОРМЕ



Шоқан Уәлиханов

Шоқан Уәлиханов

Шоқан Уәлиханов

Шоқан Уәлиханов



СОТ РЕФОРМАСЫ
ЖАЙЫНДА ЖАЗБА

Чтобы активировать Windows, перейдите в [настройки](#)

*Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының
інжу-маржандары*

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

СОТ РЕФОРМАСЫ
ЖАЙЫНДА
ЖАЗБА

(Екінші басылым)

*Кіріспе мақаласы мен ескертулерін
жазған заң ғылымдарының докторы, профессор
С. Ф. Ударцев*

АЛМАТЫ
«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»
2025

ӘОЖ 34.01 (574)
КБЖ 67.4 (5Қаз)
У29

Шоқан Уәлиханов

У29 Сот реформасы жайында жазба. Кіріспе мақалалар мен ескертулерді жазған С.Ф. Ударцев. 2-бас., түзетіліп, толықтырылған. Алматы: Жеті Жарғы, 2025. – 124 бет: суретті. (Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары сериясы.)

ISBN 978-601-288-180-6

Кітапта қазақтың ағартушы, демократ ғалымы Шоқан Уәлихановтың (1835–1865) аса көрнекті шығармасының бірі «Сот реформасы жайында жазба» атты еңбегі басылған. Мұнда тарихи дамудың жалпы көкейтесті мәселелері, қазақ қоғамының әдеттегі құқық пен сот істері, реформа жүргізілген кездегі тарихи жағдайлар, ұлттық ерекшеліктер қамтылған.

Кітап ойшыл ғалымның туғанына 190 жыл толуына орай шығарылып отыр.

Кітап заң оқу орындары студенттеріне, магистранттарға, тарихшыларға басқа да гуманитарлық факультеттердің студенттеріне, саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихы мәселелеріне ынта қоятын жұртшылыққа арналған.

ӘОЖ 34.01 (574)
КБЖ 67.4 (5Қаз)

- © Ударцев С.Ф., кіріспе мақала, ескертулер, 2003, 2025
- © Ауд.: Т. Қаймолдинов, кіріспе мақала, ескертулер Б. Қожабеков, 2003
- © «Жеті Жарғы», ЖШС, 2003
- © «Жеті Жарғы», ЖШС, 2025

ISBN 978-601-288-180-6

МАЗМҰНЫ

Шоқан Уәлихановтың саяси және
құқықтық көзқарасы

6

Шоқан Уәлиханов. СОТ РЕФОРМАСЫ
ЖАЙЫНДА ЖАЗБА

38

Ескертулер

89

*Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп,
өсіп-өнген заң ғана халық үшін жайлы болмақ.
Бұл заң қаншалық олпы-солпы болғанымен,
сырттан телінген немесе жоғарыдан ұсыныл-
ған заңнан гөрі оған етене жақын, түсінікті де
айқын екеніне ешқандай күмән жоқ.*

Шоқан Уәлиханов



ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Шоқан Уәлиханов¹ (1835–1865) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-демократы, шығыстанушы ғалымы, ойшыл және қоғам қайраткері, саяси және құқықтық тарих ілімінде айқын ізін қалдырған асқан дарын иесі.

Уәлиханов, сірә, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның саяси-құқықтық тарихындағы аса ірі тұлға, ойшыл, оның шығармашылығы XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси-құқықтық идеясының қайнар көзінің бірі болып табылады.

XX ғасырда Шоқан Уәлихановтың өмірі мен творчествосы оқылып, әрі ол ұрпақтан ұрпақтың қайта ойлауына алып келді. Бұл деген қоғамдық ой-түсініктің уақыт тудырған сауалдарына жауап іздеу, ал халық өзін-өзі түсінгісі келіп, рухани қазынаны қайыра ойдан өткізе, әр жаңа ұрпақ болашақ бағыт-бағдарында нені қабылдайтынын салыстырғысы келеді².

Шоқан Уәлиханов байырғы сұлтандар әулетінен шыққан. Оның арғы атасы, Орта жүздің ханы Абылай Ресеймен сауда және саяси байланыс жасап

отырған. Абылайдың үлкен баласы Орта жүздің ең соңғы ханы Уәли бұл байланысты одан әрі дамыта түскен. Шоқан осы туған атасы Уәлидің есімін алып, өзін Уәлиханов деп атайды. Шоқанның әкесі Шыңғыс Орта жүздің бір аймағының аға сұлтаны болып, полковник деген дәрежеге жетеді. Ол Омбыдағы әскери училищені бітірген. 1860 жылдардың ішінде патша тергеушілері полковник Шыңғыс Уәлихановтың сол кезде ашылған федерализм идеясын ұстанған «Сібір патриоттарының қоғамына» қатысу туралы мәселесімен айналысады. Омбының облыстық мұрағатында «Шыңғыс Уәлихановтың үкіметке қарсы қылмысты пікірлері туралы» деген іс сақтаулы³.

Отбасында Шоқанның әжесі – Уәли ханның жесірі – Айғанымның рөлі ерекше болды. Ол бірнеше шығыс тілдерін білді. Сондай-ақ орыс пен қазақ⁴ арасындағы достықтың берік болуына атсалысты. Ел арасында беделі аса зор болды.

Шоқан Уәлиханов алғаш білімді жекеменшік қазақ мектебінде алады, одан кейін Омбыдағы Сібір кадет корпусында оқиды. Оқу бітірген соң, Шоқан Батыс Сібір генерал-губернаторының жанында қалдырылады да, арада бір жыл өткеннен кейін Батыс Сібір мен Қазақстанның Солтүстік-шығыс аудандарын басқарып отырған генерал Г.Я. Гасфорттың адъютанты болып қызмет істейді. Бұл Батыс және Шығыс Сібір (Омбы және Иркутск) генерал-губернаторында қызмет істеп жүрген талантты

және прогресшіл офицерлермен танысып, қатынас жасауына ықпал етті. Сондай-ақ Омбының зиялы қауымымен, осы жерге жер аударылып келген Ресей азаттық қозғалысының қайраткерлерімен араласуына мүмкіндік жасады.

1850 жылдарда тағдыр Уәлихановты жер аударылған жазушы Ф.М. Достоевскиймен (оның кейін досы болды), европа революциялық қозғалысының қайраткері, жер аударылған М.А. Бакунинмен (Шоқанның жақын досы Г.Н. Потаниннің⁵ өміріне шешуші рөл атқарған), көрнекті ғалым және саяхатшы П.П. Семенов-Тянь-Шанскиймен (әр уақытта Ш. Уәлихановтың ғылыми зерттеулеріне әсер етіп оның Ресей географиялық қоғамына мүшелікке өтуіне ұсыныс жасаған) және басқалармен де кездестірді.

Шоқан Уәлиханов – дүниежүзілік географиялық ғылымда Тянь-Шань мен Шығыс Түркістанды алғаш ашып бірден-бір танылған адам. Ол Орталық Қазақстан, Жетісу өлкесін (1855–1857 жж.) зерттеп, Ыстықкөл аңғары маңайына (1856 және 1857 жж.) жүргізілген әскери-ғылыми экспедиция мен Құлжаны (1856 ж.) зерттеулерге қатысты. Сол сапарларда ғалым қырғыздың «Манас» атты атақты поэмасына алғашқы рет көңіл бөліп, бірінші рет оны ғылыми жолмен жазып алды. 1858–1859 жж. Ол Шығыс Түркістанға (қазіргі Батыс Қытай) саяхат жасап қайтты. Оның осы ғылыми қызметі мен бақылауынан туындаған ісінің нәтижесі есебінде

«Алтышаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу (Кіші Бұхара) провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы туралы» деген бағалы еңбегі өмірге келді. Бұл Қытайдың бөлігі деп аталған Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен географиясы, әлеуметтік құрылысы жөніндегі толық мағлұмат беретін алғашқы отандық ғылыми еңбек еді. Қытай жөнінде ешқандай артық деректер білмейтіндіктен осы еңбек ғылыми ортаға үлкен әсер қалдырды. Уәлихановтың көзі тірі кезінде-ақ, оның кейбір шығармалары аударылып, Германия және Англия елдерінде басылып шықты. Оның зерттеулері, XIX ғасырдың ғылыми қорытындыларындағы жетістіктерді жинақтаған француз ғалымы Элизе Реклюдің⁶ Әлемдік географиясына енді. Пушкин үйінің қолжазба бөлімінде 1863 жылы Николай Ильминскийдің Отто Реригке жазған қызықты хаты сақталған. Шетелдік тілшіге былай деп хабарланды: «Кейде әлем біздегі материалдардың нақтылы бар екендігін сезіне бермейді, өйткені шетелдерде біздің әдебиетіміз белгісіз» дей келе батыста қайсы бір тайталас тудырып жататын даулар Ресейде әлдеқашан зерттеліп қойған. Ильминский оған Ш. Уәлихановтың еңбегіне назар салуды ұсынады: Өзі жаратылысынан қырғыз, Қашқарға ғылыми саяхат жасаған тағы бір ғалымды айтайын, Сізге. Оның тамаша мақалалары географиялық қоғамның жазбаларында басылып жатыр... Ол осы қоғамның мүшесі. Бұл – сұлтан Шоқан Уәлиханов»⁷.

Ш. Уәлихановтың шығармашылығын зерттегендер әділ түрде, оның Шығыс Түркістан жайлы шығармасымен, басқа да жинақтарынан аңғарылатыны, ол Қытайды сынай отырып, Ресей саясаты мен тәртібін бұрыннан қалыптасқан ағартушылық және демократиялық дәстүр бойынша жабық сынға алғандығын мүмкіндігінше байқауға болады дейді⁸. Бұл әдеби дәстүр XVIII ғасырдағы француз ағартушыларынан басталған. Оны В.Г. Белинский 1840 жылдары, М.А. Бакунин Сібірге жер аударылған кезеңдеріндегі мақалаларында қолданды.

1859–1861 жылдары Ш. Уәлиханов Петербургте тұрып, жұмыс жасады. Осы жерде ол көрнекті ғалымдармен, жазушылармен, қоғам қайраткерлерімен (оның ішінде Н.Г. Чернышевскиймен)⁹ танысты.

Әдебиеттегі жанама куәгерлер арқылы, оның ішінде А. Врангельдің Ш. Уәлихановты Парижде кездестірдім деп естелігінде жазғанындай, 1860 жылдың аяғында Уәлиханов Парижге сапар шекті деген жорамал айтылған-ды. Мүмкін ол астыртын түрде Парижге¹⁰ жолға жүріп, осы сәттерде эмиграциядағы Ресей азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлерімен кездесуі. Қалай болғанда да, 1860 жылдың 4-қарашасында Петербургтен ол ата-анасына хат жазып: «Құдай қаласа, бір айдан кейін Петербургтен Парижге жолға шығамын. Осы үшін бір адамнан ақша қарыз алдым, ал сіздің аударған ақшаңыз мені Петербургтен таппайды-ау,

деп қорқамын. Осы хатты алысымен мені күтсін деп Сіздер маған арналған бір жылдық мың сомды аударыңыздар. Шет елде қарызын өтей алмайтындарды кім болса да, мейлі, даңқы жер жарсын, тіпті генералиссимус болсын, қарыз түрмесіне жабатын көрінеді. Сіздің жағдайыңызбен есептесе отыра, тек, бір мың сомды үстіне қосып салуыңызды өтінемін. Егерде қайыршылардай өмір сүрсем, онда бұл ақша тек тамақтануға жетеді»¹¹. Оның шетелге сапары жайлы жорамалдар бүгінгі күнге дейін нақтылы дәлелдермен теріске шығарылып, не анықталған жоқ.

Шоқан Уәлихановтың жол жүруін теріске шығаратын дәлел – оның Лондонға келіп тіркелмегендігі. Олай болатыны, сол кездегі либерал зиялылар ортасы Еуропаға саяхат жасағанда Герценмен кездесу үшін әдейі оған соғатын¹². Әйтсе де, бұл жерде де күтпеген жаңалық болуы мүмкін. Мысалы, венгр зерттеушісі Миклош Кун Венгр эмигранты Д. Танаркидің күнделігінен 1860 ж. 16 желтоқсанда оның Герценде болғандығын айғақтайды. Танарки ол жерде Ресейден келген үш адамды көреді. Бірақ, үй иесі оларды онымен таныстыруды жөн санамады. Келгендердің біреуінің тек дәрігер екенін он жыл Пекинде¹³ тұрғанын біледі. Ендігі белгісіз екеу кім? Қандай құпиялық оймен Герцен олардың аттарын жасырды?

Біршама байқасақ, әдебиетте ойшылдың саяси-құқықтық көзқарасы кей кездерде тым револю-

цияшылданып кеткен. Оның революциялық-демократтық көзқарасы негізінде күшті реформаторлық либерал-демократиялық пікіріне қабысып жатады. Оған ойшылдың көптеген достарына Петербургтен оралғанда Қазақстаннан жіберген хаттары және қызметтес әріптестері мен достарына жазған ертедегі жазбалары, практикалық қызметтері, революциялық заңдылықты ұғынуы, бірақ оны дәріптеушілікке қарсылықтары, түсінісулері куәгер болады. Революция әлеуметтік күштің жиналған қопарылысы болғандықтан, оның тым консервативтік және саяси-құқықтық жүйеге басқадай лажы жоқ екендігін ол ұғынды. Қазақстанның шұғыл дамуы әбден ойластырылған реформаның көмегі арқылы болатын болса да, оның барлық ынтасы байыпты түрдегі эволюциялық дамуды қолдады.

Уәлихановтың либералдығын оның жақын достары айқындайды. Г.Н. Потаниннің баяндауынша «Саяси көзқарасы бойынша ол (Ш. Уәлиханов. – С.У.) солшыл либералға жатты»¹⁴.

Әр уақыт барлық ісімен ұрпағына сана-сезім ұялатып, мүмкін болған әрекетті жасатады. Бұл түсінікте XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы либерализм күшті творчестволық әлеуетке ие болды. Бар болғаны 30 жас жасаған Шоқан Уәлихановтың ой-өрісі дамуының келешегін тек болжап айтуға ғана болады.

Десекте, жорамалдың бірін, оның көзқарасы мен орныққан пікірінің эволюциясы мүмкінді-

гінше қатар келген жақын досы Г.Н. Потаниннің азамат соғысы кезеңдерінде «ақтар қозғалысына» қосылуынан көруге болар. Ал, 1917 ж. шілдеде Орынборда өткен Бүкілқазақ съезіне Потанин Семей облысынан құрылтай жиынына кандидат болып сайланды. Ол № 1 кандидат болса, № 2 кандидат Әлихан Бөкейханов болды¹⁵.

Ш. Уәлихановқа либералды-демократиялық көңіл-күйіне орай Атбасар аймағының сұлтан басқарушысы болмақ үміт пайда болды. Іске аспай қалған үміті жайлы ол Ф.М. Достоевскийге жазды: «Мен сұлтан болып [осы жұмысқа тұрсам] отандастарыма көмек көрсетіп, оларды чиновниктердің және бай қырғыздардың езгісінен құтқарсам ғой деп ойладым:

Осы орайда барлығынан бұрын өз үлгі ісімен, жерлестеріме сауатты сұлтан-басқарушы ретінде пайда бермек болуды ойладым. Олар шын сауатты адамнан, орыс чиновнигінің іс-әрекеті арқылы орыс тәрбиесіне қалыптасқан өзіндік көзқарастан басқаны көрген болар еді.

Осы мақсатпен мен Атбасар аймағының аға сұлтанына дауыс алуға келісім бердім, бірақ сайлау чиновниктердің әр түрлі аяласынсыз болмай қалған жоқ»¹⁶.

Шоқан Уәлихановтың чиновниктердің ойына келген тәлкегін, қиянат етушілігін қатты сынға алып, оған көңіл бөлуі, ойшылдың Батыс Қытайдағы саяси құрылыс пен ондағы үстемдік етіп отырған тәртіп туралы жазған еңбегінде де бай-

калып отырады. Жергілікті басқарушының ережесі туралы жаза отырып, (негізінен Батыс Қытайдағы генерал-губернатор жайлы) оның байқағаны: «Жергілікті цзян-цзунь... халық есебінен ішіп жейді. Қасапшылар күнде ет әкеп береді, тігіншілер көйлек тігеді, тас қалаушылар үйін жөндейді. Ауыр салық пен қиянатшылықта шек жоқ. Ал, пара алу жағынан, қытайлықтар парсының шахынан кем түспейді»¹⁷.

Қазақ ғылымы мен мәдениетінде жарық жұлдыздай аққан Ш. Уәлихановтың қысқа өміріндегі ең өндірімді шығармашылық жолы – 1850 мен 1860 жылдардың арасы, бұл Александр екіншінің қызу реформаторлық қызметінің кезеңі мен әрі оны қоршаған либералистердің ортасы болатын. Николай біріншінің дәуіріндегі декабристерді қудалау, қатаң цензура мұның барлығы келмеске кеткендей болды. Реформаның рухы, халықтың осы кезеңдегі әлеуметтік, ағартушылық жағынан тыныс алып сауаттануы Уәлихановты жігерлендірді. Ол реформаторлық және ағартушылық идеяны алып оны таратушы ғана болған жоқ, өзінің тәжірибелік қызметінде көп жоспарлы реформаны жүргізіп дайындауға мүмкіндік жасады.

Ш. Уәлиханов республикалық құрылысты ұнатты, зорлық-зомбылыққа қарсы тұрды, бірақ ол прогрессивтік ағартушылық конституциялық монархияның мүмкіндігін теріс көрген жоқ. Ол жеткілік-

ті түрде федеративтік идеядағы¹⁸ азаттық қозғалысымен таныс болып, оны негізінен қуаттады.

Ш. Уәлихановтың аса көрнекті шығармаларының біріне жататыны – қайтыс болғаннан кейін жарияланған саяси-құқықтық тақырыптағы «Сот реформасы жайында жазба» атты өшпес еңбегі.

Жазба 1864 ж. Ресейде сот реформасына дайындық пен оның жүргізілу қарсаңында жазылды. Шоқан Уәлиханов оны Омбыда 28 ақпан 1864 ж. аяқтаған. Бұл жұмыс Омбы мұрағатынан табылып 1880 жылдары Г.А. Колпаковскийге жіберіледі. Ол Г.Н. Потанинге «бүгінгі уақытқа дейін маңызынан айырылмаған» деп бұрыштама қойған.

Бұл еңбек өзінің көптеген әсері жағынан ХХІ ғасырда да қызығушылық тудырды. Сот реформасына дайындық кезеңдерінде сот әкімшілігі туралы Ресейдің мерзімді басылымдары да қызығушылық танытты. Осы бағытта реформаның негізінде қандай принциптер болмақ, бірінші кезектегі реформалауға не жатады, оны қандай үлгіде жүргізуге болады деген мәселелер талқыланды.

Бірінші талқылауды «Морской сборник», бастады, одан соң оған «Русский вестник» қызу кірісті. 1859 ж. «Современник» журналында М.Н. Филипповтың «Орыстың сот құрылысы мен сот ісіне көзқарас» атты кеңейтілген мақаласы жарық көрді. Ресей сот жүйесіндегі реформаларға байланысты арнайы заң мәселелерін, әсіресе оның ішінде сот

заседательдері мен адвокатурасы туралы сұрақтарды көптеген газет пен журналдар талқылады.

Әділет министрлігі сот реформасы мәселелеріне байланысты арнайы шолу дайындап бастырды¹⁹.

Сот реформасына дайындық жұмысы 1850 жылдың соңында белсенді жүргізілді, ол 1864 ж. аяқталу сатысына жетті.

Императордың алдында қоғамға біртіндеп енген жаңа белгідегі құқық пен бостандықты қандайлық реттерде шешуі керектігі тұрды. 1864 жылы қыркүйекте Александр екіншіге Мемлекеттік кеңестің төрағасы, князь П.П. Гагариннен және әділет министрі Д.Н. Замятиннен жазбалар жіберілді.

Гагарин сот ісіндегі демократиялық жаңартулардан қауіптенетін қоғамдық топтардың пікірін, ыңғайын білдіре, оны іске асыру жолын созып, сот ісі мен адвокатурадағы ең демократиялық қалыптарды алып тастауға ұмтылды.

Замятин дворян, чиновник және зиялылардың либерал-демократиялық өкілі болғандықтан, мүмкіндігі болғанынша, бұл жаңа өзгерісті тез әрі батыл түрде жүргізуді қалады. Император болса, реформаның біртіндеп жүргізілуін айтып, 1865 ж. 19 қазан айында «Сот жарғысының енгізілу әрекеті ережесін» бекітті. Ал, реформа түпкілікті түрде 1899 жылы аяқталды. Бірақта, бұл уақытқа дейін сот ісі ұйымдары әр түрлі бағыттағы реформаларға және де қарсы бағыттағы жекелей сот институттарының реформалық толқынына ұшырады²⁰.



Ш. Уәлихановтың әкесі,
аға сұлтан полковник Шыңғыс Уәлиханов



Үлкен Орданың сұлтаны Мамырхан Рүстемов.
Қарындаш. 1856 ж.
Ш. Уәлихановтың салған суреті



Бұғы руының жоғарғы манабы – Боранбай.
Қарындаш. 1856 ж.
Ш. Уәлихановтың салған суреті



Қазыбек би
(1667–1764 жж.)



Әйтеке би
(1682–1766 жж.)




Төле би
(1663–1756 жж.)




Александр II патша



Николай I патшаның билік жүргізгеніне он жыл толуына арналған ескерткіш монеті 1 1/2 (1835–1836)²¹




В.Г. Перов. Ф.М. Достоевскийдің портреті. 1872 ж.
Москва. Третьяков галереясы




П.П. Семенов-Тян-Шанский



Н.В. Соколов



А.И. Герцен



Г.Н. Потанин



М.А. Бакунин



Н.Г. Чернышевский



Алматы. Ш.Уәлихановтың ескерткіші.
Мүсінші Х.И. Наурызбаев.
Сәулетші Ш.Ы. Уәлихан.
1969 ж. қойылған.

Ш. Уәлиханов сот реформасын жүргізу мәселелері төңірегінде өзінің жеке бағытын ұстанды. Ол Ресейдің басым бөлігінде осы реформаның негізінің қолданылуын ұстанған либерал-демократиялық ортаның өкілдеріне карамастан, бұл реформаны қолдануға жергілікті ұлттық ерекшеліктердің ескерілуімен есептесуге көңіл бөлді. Сондықтан, мүмкіндігінше тұтастай жаңашыл осы реформаны өзіне жақсы таныс әдет-ғұрып, салт-дәстүр, казак халқының өмір сүру жағдайымен салыстыра отырып өңдеді. Оған ең басты абырой – жекелеген әлеуметтік топтың, сословиенің ынтасы емес, бүкіл ұлттың ынтасы. «... Бүтін ұлттың ынтасы, – деп жазды ол қатаң әділеттік жолы арқылы жеке сословиенің пайдасымен де есептесіп жатуы қажет»²².

«Алаш» либерал-демократиялық партиясының ұлттық қалауды қорғаған көрнекті ағартушылары мен идеологтері сияқты, Шоқан Уәлихановтың да бұл саяси-құқықтық дамуға жалпы тарихи жағынан келуі, XX ғасырдың басындағы Қазақстан ұлт-азаттық идеясын бастаушылардың бірі екендігін білдіреді.

А. Бөкейханов белсенді түрде араласқан «Қазақ» ұлттық газеті 1914 жылғы бірнеше санында (№ 71, 73, 76, 77) Ш. Уәлиханов жайлы материалдар басты. Онда оның идеялық ағымды қалыптастырған алғашқылардың бірі екендігі жазылса, кейіннен 1917 жылы сол идея шындалып, тазарып «Алаш» партиясы боп құрылды²³.

Ш. Уәлихановтың билер сотының мағынасы туралы идеясына Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ» газетінде басылған халыққа жақын «Тағы да халық соты жайлы»²⁴ мақаласы үндес келеді.

Қазақ халқы тарихи дамуының жаңа сатысына қалыптасуын, әрі әдеттен тыс дағдыға көшу кезеңіндегі қауіпсіздік жолының барлық қажеттілік тұрғысын сақтауын, оны барынша қорғау жолындағы тарихи жоғарғы міндетті әр түрлі кезеңдерде ой жүгіртіп, шешуді басты парызы ретінде нақтылы қарастырған ХІХ ғасырдың жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы алдыңғы қатарлы ойшылдар болды. ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы ағартушылық, халық насихат өкілдерінің ұлттық, либералдық және социалистік бағыттағы қиындықтарына қарамастан ХХ ғасырдың онжылдықтарындағы «Алаш» партиясының жетекшілерінің насихаты ғасыр тудырған осы жоғарғы міндетті шешуге жағдайлар жасады. Осы мазмұндағы Ш. Уәлихановтың көптеген идеялары «Алаш» партиясы жетекшілерінің идеясымен сәйкес келіп, халықтың өмір талабындағы басты міндетін, тарихи жолын, әсіресе әлеуметтік экономикалық және мәдени дамуы мен қоғамдық өркендеуін (кейбіреулері мұны әзірге іске аспайтын деп ойласа, екіншілері тәжірибеден өте келе дамиды деп процес деп ұқты) шешуге бағындырылды.

Ш. Уәлихановтың консервативтік дұрыс мағыналы айқын ойы және «Алаш» партиясы жетекшілерінің патшалық саясат пен саясат жолындағы одан кейінгі қазақ қоғамындағы кеңестік бюрократияда болған шұғыл эволюциялық айналымдарға айтылған ескертулері айқындалып ақталды. Бұған нақтылы дәлел ретінде Ш. Уәлихановтың досы Г.Н. Потаниннің идеялық өсу кезеңдерін алуға болады.

Тарихи дамудың ең бір басты бағыты, ол қоғамның барлық мүшелерінің материалдық жағдайының өсуі деп мойындады Ш. Уәлиханов. Бұған ең алғаш қызмет ететін экономикалық және әлеуметтік реформа болып табылады. Ол саяси және құқықтық реформа экономикалық жаңаруды іске асыруды қамтамасыз етсе, ол үшін ең алдымен халықтың тәжірибесі, оның дәстүрі, мәдениеті ескерілуі тиіс, деп есептеді.

«Қандай да болмасын өзгерісті ұластырып, орын тептіріп, әрі сақтап қалу үшін, – деп жазды Ш. Уәлиханов біз қабылдағалы отырған реформа сол халықтың мүддесі, пайдасы үшін жасалып отырғандықтан, оның материалдық мұқтажына шақталуы, әрі сол қоғамның ұлттық мінез-құлқына сай келуі қажет». Бұл жағдайдан тыс жасалған өзгерістің бәрі де зиянды, әрі аномал (жағымсыз) құбылыс ретінде қауымды айықпас дертке шалдықтырып тұралатып, мешеулетуі мүмкін»²⁵.

Адамзат, оны қоршаған әлем мен қоғам жөніндегі түсінік және олардың өзгеріске түсуі, яғни ол

туралы ілім салыстырмалы түрде болады. Осыған байланысты Ш. Уәлихановтың пайымдауы бойынша, қандай жағдайдағы болмасын, қандайлық бір реформаны болмасын оның пайдасы мен зиянының қаншалықты екендігін ылғи да анықтап, екшеп отыру қажет. Бір уақытта немесе белгілі бір мерзімде халықтың даму сатысына және оның өмірінің жағдайына тиімді болатындардың басқа бір уақыттарда сол халыққа оның пайдасынан зияны көп болуы. Уәлиханов реформаны жүргізуді қолдамаушылық, прогресшіл дамуға кедергі жасаушылық, реформаны халықтың табиғи дамуын ескермей, күштеп енгізу ол халықтың наразылығын тудырып, кері әрекетке әкелуіне мүмкіндік тудырады деген ой қалыптастырды.

«1793 жылдан бастап Еуропада болған революцияның бәрі де, – деп жазды ол, – бостандық үшін болған халық қозғалысының басталуынан туындады. Қисынсыз теорияға немесе өзге халықтың өміріне негізделіп зорлықпен ырықсыз жасалған реформа адам баласын жойқын апатқа душар етіп келеді»²⁶.

Осыған байланысты, ойшыл белгілі бір өлшемде Бірінші Петрдің реформасына сын көзімен қарады.

Уәлиханов сол кездегі аса зор геосаясат процесстерін көре отырып, Қазақстан мен Ресейдің тағдыры олардың бірлігінде, ал прогреске қол жеткізу Ресей мен батысеуропа мәдениетінің әсерінде деп

мойындады. Қазақстанның Ресей құрамына енуін қолдап, оны прогресшіл көрініс дей отыра, Уәлиханов күшпен қосылудың тәсілдерін кінәлай бейбіт келісім арқылы оған барынша қол жеткізуді ұсынды.

Сонымен, ойшыл қазақ халқының бейбітсүйгіштігін, оның көрші халықтармен, елдермен бейбітшілікте өмір сүруге ұмтылатындығын атап көрсетті. «Сот реформасы жайында жазбада» ол қазақ халқын Ресейдегі ең бейбітшілік сүйгіштердің қатарына жатады» деп атады²⁷.

Далалықтарда орын алған феодалдық-патриархалдық тәртіпті сынап отыра, ол Ресейдегі реформаға дейінгі тәртіпке сын көзімен қарап, патшалық чиновниктердің кертартпа қиянатшылдығын, сонымен қатар колониялық әкімшілігін айыптады. Мұның күйініші оның достарына жазған хаттарынан білініп тұрады. «1862 ж. 6 желтоқсанда А.Н. Майковқа жазғанында, ол, Сібірдегі бұратаналарға не істегісі келсе соны істейді, тіптен ит қосып қуалау ғана қалды»²⁸ деді.

Соған қарамастан, кең, шынтуайтында евразиялық көзқарастағы адам ретінде, Уәлиханов Қазақстан мен Ресей патриоты болып қалды. Ол, ең алдымен Қазақстанды, одан кейін Сібірді, бұдан соң Ресейді, одан әрі бүкіл әлемді, барлық адамзатты сүйемін деп айтты. Қазақтар «Батый татарларының ұрпағы ретінде орыстармен тарихи байланыста және тіпті қандас туысқан, – деп жазды.

Ойшыл, тарихи дамудың тарау-тарау идеясын бөле келе қоғам эволюциясының төменгі және жоғарғы сатыларында өмірдің қалыптасқан ұқсастығы бар деп мойындайды. Дамудың ерте сатысында қоғамның ішкі себептері арқылы өз бетімен пайда болған ұйым өмірдің табиғи нысанын құрайды. Одан кейінгі эволюциялық жоғарғы сатылар тарихи тәжірибе мен әлемді тану арқылы адамзаттың атын өмірдің стихиялы алғашқы негізіне қарағанда, жаңа, өзгертілген түрдегі, басқаша түсініктегі болатын ақылды жетістікке алып келеді.

Осы мағынада Қазақстан жайлы Уәлиханов былай деп жазды: «... біздің қоғамның даму нысаны жоғары, мәдениетті даму көрсеткішінің ең үлкен бірлестігін берсе де өзінің сол бір табиғи кезеңінде тұр»²⁹.

Осыған ұқсас идеяны Гегельдің философиясын қолдана отырып сондай-ақ А.И. Герцен, М.А. Бакунин, Н.Г. Чернышевский сияқты оның замандастары да дамытты. Мұндай идеялар халықтың біркелкі емес, секірмелі түрдегі тарихи дамуына негіз бола, кейбір халықтардың өткен кезеңдерін олардың айналып өтуіне саяси-құқықтық ой дамуындағы прогресшіл ағымның XX ғасырдағы дамушы елдеріне әдеттегідей болса керек.

Уәлиханов үшін, жоғары құндылық, сірә, қазақ халқының гүлденуі мен табиғи алға басуы әлемдік мәдениет пен прогрестік дамуының негізіне, оның ішкі қажеттілігінен туған өзіндік ұйымы мен

күшіне, мүмкіндігіне, басқа елдермен, халықтың тәжірибесіне сүйенуі арқылы болмақ.

Уәлихановша халықтың дамуы мен рухани қалыптасуы – «өздігінен даму, өздігінен қорғану, өзін-өзі басқару және тергеусіз сот». Ағартушы-демократ халықтың сана-сезімін, творчестволық күшін, ұлттық жасампаз қуатын оятуды ең басты қажеттілік деп есептеді.

«Өзін-өзі қорғау» принципі оның түсінігінше тек әскери тұрғыда ғана емес, одан кеңірек саяси, құқықтық, мәдениеттілік шамасында болса керек. Істің мәніне қарағанда, Уәлиханов пікірінше, халық ұйымындағы принциптер, халықтық (ұлттық) идея ретінде тәуелсіздікке жақын. Сотты және басқа да реформаны жүргізуден күтілетін «өзіндік басқарудың бас кезіндегі тым ұтымды» оған қоса «орыс үкіметіне, сол сықылды қырғыз халқына да әкелетін бюрократтық былықтың³⁰ қиындық тудыратынына» байланысты реформаны дәріптеушіліктен ол алыс болды. Чиновниктердің көптеген бюрократтық машинасының «тырысуы», олардың өздерінің жеке мүддесін немесе ұзын-сонар мұратын жоғары қоюы, прогрессивтік және прагматикалық идея мен жобаның өмірде іске асырылуында танымастай өзгеріп шыға келетінін түсінді.

«Қоғамдық қажеттілікті білмегендіктен және адамгершілік теориясына артық қызғаныштан бізде реформалармен жаңалықтар жиі енгізіледі, бұл тап қазіргі кезде, белгілі істің жағдайында тіптен керегі жоқ»³¹, – деп жазды ол.

Уәлиханов реформа туралы мәселелер ерекше сақтықты қажет етеді, өйткені оның халық өміріне аса маңызы бар және соған тәуелді дей келе Шекспирдің халықтық сөзін келтіреді «быть или не быть»³² (не өлім, не тірлік).

Уәлиханов ойшыл-реалист және гуманист ретінде ұлттың ерекшелігін есепке алуды және Қазақстанға ғана емес, қазақ халқына басқарудың өзіндік нысанын сақтауды жақтады. 1863 жылы сот реформасының жобасы жайлы қазақ халқының пікірін танып білу туралы комиссияда жұмыс істеген Уәлиханов, халықтың көпшілігі билер сотын сақтап, дұрысында оның империялық мемлекеттендірілмеуін қолдайды деген қорытындыға келді.

«Қазақтың билер сотымен мировой соттың іс жүргізуінен салыстырудан байқайтынымыз, – деп жазды Уәлиханов, – адалдықтағы үлкен айырмашылықты былай қойғанда, мировой сотпен қазақтың билер сотының жалпы идеясында, практикалық мақсатында екеуіне де тән ұқсастық мол, бірақ мировой сотта ерен формальдық (немқұрайдылық) және бюрократтық (төрешілдік) белгілер басымдау. Біздің ойымызша, егер өсіп-өнудің жоғарғы сатысы мен төменгі сатысындағы үйлесімділікті, ұқсастықты ескерсек, мировой соттан билер сотының ең болғанда қазақ үшін кейбір айырмашылығы барына таңдануға болмайды. Дәріптеп жіберіпті деп айтудан жасқанғанымыз болмаса, артықшылығы басым дер едім». Билер сотының орнын алмастыруды көздеген мировой сотқа сын айту үшін, Уә-

лиханов британдық мировой соттың кемшілігін көрсеткен белгілі ағылшын, француз және неміс заңгерлерінің беделін пайдаланды.

Немқұрайлы емес, өнегелі маңызы бар билердің рөлдері мен билер сотының қазақ қоғамында біршама өзгерістерге ұшырағанын 1860 жылдары Қазақстанда жүргізілген зерттеулерде де көрсетілді.

Бүгінде сирек кездесетін үлкен библиографиялық еңбек болып отырған. «Область сибирских киргизов» (Спб., 1868) атты үш томдық зерттеулердің авторы, Бас штабтың подполковнигі Красовский былай деп көрсетті: «Қырғыздардың ру басына деген құрметі арқасында сұлтандар сықылды, билер атағы да ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыр. Бірақ, осы екі атақтың бір-бірінен айырмашылығы хандық абырой жойылғаннан кейін орасан зор болды.

Енді, сұлтан деген түсінік қырғыздарға ешқандай мағына бермейтін болса, ал ру басы билерінің шешіміне сонау түкпірдегі ауылдардан тұрғындар ағылып келіп жатты. Осыдан кейін оның құрметті атағы жоғарылап, халық көзінше, әсіресе басқа тәртіппен ұшырасқан кезінде мағынасы одан сайын ұлғая берді»³⁴.

Уәлихановтың құқықты зерттеуінде, оның ішінде қазақтардың әдеттегі құқығын «Сот реформасы жайында жазбада» (1864) көрсеткеніндей, көптеген тұстары XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Германияда дамыған тарихи құқық мектебінің, сондай-ақ Ш.Л. Монтескьенің «Заңдар рухы» атты

еңбегінде атап өтілген халықтар өмірінің әр жақты жағдайымен байланысты заңдар идеясына жақын.

Уәлихановқа әдістемелік жағынан жақыны Д.С. Миллдің шексіз және әлеуметтік көрініс әсерінің сіңісуі идеясы. «Барлық қоғамдық құбылыстың шығуы, – деп жазды Д.С. Милль, – бір орасан «заңдардың қозғалуын» көрсетеді.

Біз, егер де қоғамдағы өмірдің барлық қырын танып білмесек, оны тәжірибе жүзінде бір қарым-қатынастағы бағытқа бағыттай алмасак, оның теориясын ешқашанда да түсініп біле алмаймыз.

Сол қоғам өміріндегі деректердің үлкенді-кішісінің әсері тимеген бірде-бір қоғамдық құбылыс болған емес. Демек, сырттай болатын әрқилы себептердің осы қоғам құбылысына әсері болды»³⁵.

Уәлиханов заң ісінің ең алдымен адам өмірі жағдайына, оның тәрбиесіне, санасына тағы басқа көптеген факторларын өзгертуге сәйкес келуін мойындады.

Уәлиханов заңның «халыққа жақсысы», сонда ғана, ол кімге болса да белгілі болып, әрі оның өмір тіршілігімен сәйкес келсе деп есептеді.

Бөтен заңдар ақылдылық танытқанымен, халқына «өзіне тән заң» жақсы әрі тиімді боп келеді, дейді. Уәлиханов құқықтың, «жоғарыдан таңылып, сырттан алынбай» халық өмірінің терең түкпірінен өсіп жетілгені қажет»³⁶ деді. Ғалым қазақтың әдеттегі құқығының «адамгершілік жағын», оның көптеген ұлттар заңдары жүйесінен ерекшелігін

жазды. Айталық, дене жазасының³⁷ жоқтығы, рулық дәстүрдегі өзара көмек (мысалы, барымтадан зардап шеккенге, малдары жұтқа ұшырағандарға) тағы басқалары.

Ол әдеттегі құқықтың «көлеңкелі жағында», әсіресе, ескі ұғымға сенушілігін, білімсіздігін (мысалы, отбасы дәстүрінің құқығы бойынша қыздарын тым ерте күйеуге шығаруы, тіпті кейде ықтиярсыз беруі, қылмыс жайлы құқығында кісі өлтіргеннің төлем төлеуі және басқалар) атап көрсетті.

Ш. Уәлиханов Қазақстандағы әдеттегі құқыққа негізделген, қоғамдық өмірдің өзінен туған механизмдердің кеңінен дамығанына назар аударды. Сонымен бірге, ғалым «мал бағумен айналысқан көшпенді халықтың ежелден қалыптасқан дәстүрі барымта жайлы және зардап шеккендердің заңды талабы кейде қанағаттандырылмай қалатындығы мен билер соты шешімінің жөні бар құнды (ашық) қамтамасыз етуін айғақтауға ғылыми талдау жасаған аздаған авторлардың бірі»³⁸.

Сот реформасы жайында жазбаларында қозғалған кейбір мәселелерінде эволюция мен қалыптасу процесі кезіндегі ойшылдың өз заманына тән сыни көзқарасы мен белгісінің ізі жатыр. Сондықтан да осы тақырыпқа ұқсас пікірлері мен пайымдауларын есепке ала қарастырған дұрыс. Дегенмен оның билер соты туралы талдаулары мен пайымдаулары сөзсіз өзіндік тарихи бағалы мәнгеріне ие.

Сот реформасының мәселелерінде белгілі бір аралықта Уәлиханов жақсы мағынада консерватор болды. Шындығында, бұл оның ғасырдың үлгілі идеясынан тыс, халық сана-сезімінің құқығы болған, оның мәдениетінің шыңырауының негізімен байланысқан дәстүрлі саяси-құқық түрін бұзып бүлдіруден сақтау, қорғау жолындағы ұмтылысы еді.

Өз халқына ненің қауіпті болатынын нақты білген ол, романтикалық, гуманистік және ойшыл-сауатты консерваторлықты ұстанды. Ол өзінің субъективтік ұстанымын, ұлттың тарихи дамудың жоғарғы шебіне жетуі үшін өмірдегі дәстүрді дамыту мен кемітіп ұстау құралы ретінде ұстанды.

Оның консерваторлығы тұтастай алғанда, барып тұрған революцияшылдарға, не алды артын өлшемейтін бюрократтық жалған прогресшіл реформаторшылдарға жақындықтан гөрі, қазақ қоғамының табиғи және ақылды өмірінің негізіне бағытталды. Мұның қайсысының болмасын шамасын сақтап, сақтықпен келмесе, қазақ қоғамын реформалау жолдары теріс көрсеткішке әкелінеді. Шоқан Уәлихановтың пікірінше, халықтық дейтін сот ісінің нысанына қарағанда, билер сотымен іштен пайда болған халықтық құқық нысандары дәстүрлі құқық болып, құқықтық шындықты айқындайды оны бағаламауға, тіптен бүлдіріп бұзуға болмайды. Олар, мемлекеттік сотпен заңдардың бюрократтық және формалистік кемшіліктерінен арылған, ха-

лық өмірінің табиғи элементі, тығыз байланысты дәстүрі, өнегесі, халықтың тұрмысы мен сенімі.

Қазақстанда жүргізілген 1867–1868 жж. реформа (ойшыл қайтыс болғаннан кейін), билер сотына (халық сотына) реформалар жасалынуы, сақталуы Уәлиханов ұсынысының шындығын бекіте түсті. Ш. Уәлихановтың сот реформасы жайлы пікірі «Сот реформасы жайында жазбада», одан басқа да жалпы тарихи болып табылатын жекелей оқиғаларға білдірген ойларында, халықтың өзіндік тарихи даму қозғалысын ескермей, оның өмірі мен тұрмысын еріксіз реформалауды жүргізу қауіпті де зиянды екенін байқатты.

Демек, ойшылдың бұл қауіптенуін ХХ ғасыр толық түрде дәлелдеді, әсіресе коллективтендіру мен отырықшылыққа күштеп енгізу кезеңдері көптеген адамдардың аштан қырылуына әкеп тіреді...

Уәлихановтың ойлауындағы халықтың табиғи өмірі мен дәстүрінің басталуына көз жіберу қажеттілігі, құқықтың заңдарға сәйкессіздігі, билер сотының мағынасы, Қазақстан үшін дағдылы құқықтың, өз ұйымдары мен халық өмірінің өзегіне жүйеленіп отыруы республиканың қазіргі құқық реформасының кезеңдерінде де көп жағынан өзекті болып қалады.

С. Ф. Ударцев

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

СОТ РЕФОРМАСЫ
ЖАЙЫНДА
ЖАЗБА ³⁹

1864

Соңғы кезде біздің үкімет әкімшілік және сот ісін қайта құрумен жіті айналысып, халық ағарту ісіне де ерекше назар аударды.

Бұл реформаның кейбірі біздің өлкемізге де байланысты болды. Мәселен, сот реформасы. Сот ісін қайта құру, әрине, біздің облыстағы⁴⁰ бұрынғы әкімшілік құрылымды да өзгеріске түсіруі мүмкін және орыс үкіметіне де, сол сияқты қазақ халқына да ауыртпалық келтіріп отырған күрделі де бюрократтық шытырман былық орнына қазірде орыстың қалалық, селолық қауымдарында жүзеге асырыла басталған өзін-өзі басқару бастамасы және округтерде тиімді, ұтымды басқармалардың болатыны күмәнсіз.

Отаным үшін осындай маңызды өзгерістер жасалып жатуына байланысты өзімнің кейбір ойларымды, сот, әкімшілік реформасымен халықты ағарту ісіне байланысты жазбаларымды қазақ халқының жоғарғы бастығы ретінде жоғары мәртебелі Сіздің ғұзырыңызға ұсынуды өзімнің міндетім деп білемін.

Ресей тумаларының ішінде байырғы орыс тұрғындарының өмір тірлігіне қарама-қарсы тіршілік ететін, әдет-ғұрпы, әрісі славян тайпасының әдет-ғұрпынан өзгеше, кереғар келетін діні, тегі

өзге халықтар аз емес. Бұл жайтқа жүгінгенде, жоғарыда келтірілген себептерді ескергенде христиандарға, отырықшы орыс тұрғындарына арналып жобаланған әкімшілік өзгеріс, егер Ресейдің Еуропалық, Азиялық бөлігінде көшіп-қонып жүрген бұратана халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, онда мұндай өзгерістен ешқандай да пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді.

Облыстық басқарманың кеңесшісі Яценко⁴¹ осындай жағдайға байланысты, облыста сот ісін қайта құру ұсынысына заңнан және дағдылы сот ісін жіті білетін билер мен судьялардан пікір жинау үшін жіберіліп отырылған болар. Бірақ халық пікірі, әсіресе білімсіз, мәдениетсіз, тұрлаусыз халықтың пікірі әрқашан да халықтың шынайы көкейтесті тілегінен шыға бермейді. Қоғамның пұрсатты, яғни мәртебелі тобының пікірін халықтың жоғын жоқтаушы деп қарауға болмайды, өйткені ақсүйектер мен ауқатты адамдардың, әуелі жоғары мәртебелі қауым адамдарының мүддесі көбінесе қауымның, көпшіліктің мүддесіне кереғар, қарама-қайшы келеді. Халық тұрпайы да топас, соның салдарынан халық пікірінің сарыны, бағыты мыңдаған кездейсоқ жағдайларға, меніңше, ұсақ-түйек күйткі жағдайларға да байланысты.

Ой өрісі жетілмеген тұрлаусыз адам өзінің сыртқы сезіміне толық ие бола алмайтын бала мінезді келеді. Ол бала өзінің сыртқы сезімін іс-әрекетімен қауыштыра алмайды. Алайда, өмірдің ішкі,

сыртқы жағдайын жақсартуға тырысу адамға тән қасиет болса да, бұл қасиет адам баласының өсу дәуірінің бар кезеңіне, бар дәуіріне тән қасиет бола тұрса да бұған адамның қолы қашанда бір жетеді. Адам баласы өзін-өзі ұғынбай, өзін қоршаған дүние жайында түсінігі кем болып, тіршілігін жақсартуға тәуекелге бел байлап, соқырша қарманып, әйтеуір ұмтылыс жасап тырбанады, сондықтан да жалғанды шындық, залалды пайда санап, көп қателікке ұрынуы ықтимал еді. Бұл жайында тарих бетінде үлгі болар мысалдар молшылық.

Сондықтан да қоғамдық мәселеде халық реформасынан аса қажет мәселе жоқ. Заң шығарушылар мен реформаторлар қоғам мүддесін көздеп келгені, соны көздейтіні жайында күдік болмаса керек. Бірақ қоғамның дамуына не залал, не пайда екені жайындағы ұғым әр дәуірде әр түрлі болған-ды, әлі күнге дейін де көптеген тағылық болжал (гипотеза), орын алып отыр, ал ғылым мұның жаңсақтығын, ешқандай негізсіздігін толық дәлелдесе де керенаулықтан, ескінің аңызына шырмалған әдеттен, дағдыдан арыла алмағандықтан көптеген жұрт оны ақиқатты аксиома санап, сенім білдіреді, яғни діншілдік нанымға айналдырды. Біздің заманымызда халыққа етене жақын, ең маңызды, соның мұқтажына тікелей қатысты реформа – экономикалық және әлеуметтік реформа. Ал саяси реформалар экономикалық істерді жүзеге асыратын құрал ретінде көрінбек, өйткені әрбір жеке адам және

бүкіл адам баласы қауымдасып, өзінің түпкі мақсаты материалдық әл-ауқатын жақсартуға тырысады. Прогресс дегеніміз де осыған сай келеді. Осы ойға жүгінгенде, адамның тұрмыс қажетін өтейтін реформа ғана пайдалы да, ал бұл мақсатқа қандай да болса кедергі келтіретін реформа зиянды болып табылады. Қоғамдық тұрмыс мұқтажымен жақсартуға бағытталған қандай да болмасын реформа қоғамның мұқтажы мен қаражаты белгілі болғанда ғана кездейсоқтыққа ұшырамай, діндеген мақсатына жете алады. Джон Стюарт Мил[л]дің⁴², қандай да болмасын қауымның адамдарына жаңа құқық берместен бұрын бұл қауым адамдарының ақылдық қабілетін, өнегелілігін және саяси сана сезімділігін ғылыми тұрғыда мұқият зерттеуі қажет деуі әбден орынды⁴³.

Расында, дәрігер ауру адамның сырқатын ғана емес, оның себебін білгенде ғана емі қонып, жазатынына сенімді болады емес пе. Қоғамдық мұқтажды білмегендіктен, гуманистік теорияға шамадан тыс қызғаныштықпен қараудың салдарынан, қазіргі белгілі жағдайда мүлдем қажеті жоқ жаңа өзгерістер, реформалар туындауда. Егер әр түрлі реформаны қабылдар алдында ауыл шаруашылығындағы өсімдікті егуге қолданылатын әдістерді пайдаланса, ондай қателіктен тез арылуға болады. Бұл әдіс бойынша әуелі өсімдіктің өзін толық зерттеп, содан кейін барып қандай топырақта өсетінін, [оған] күн көзі, жылу т.б. жағдайлар қанша мөлшерде қажет-

тігін білу лазым. Теорияның тұжырымы өсімдікті қажетті заттармен қамтамасыз етіп, оған залал келтіретін дүниелерді жою.

Тайпалық организм жағдайында оны қоршаған орта, ауа райы, жер жағдайы бірінші кезекке қойылуы керек, себебі адамның ояну сезімі, қаракеті физикалық құбылыс пен әлеуметтік жағдайдың біртұтас әсеріне байланысты емес пе. Реформа оңтайлы жасалғанда, яғни қоғамдық организм жан-жақты дами алатын мызғымас прогресс заңына негізделіп жасалғанда ғана ұтымды реформа болады. Мұндай реформаны ешқандай жағдайда да бөгемей, [қайта қолдау керек].

1793 жылдан бастап Европада болған революцияның бәрі де үкіметтің бостандық үшін болған халық қозғалысының басталуынан туындады. Қисынсыз теорияға немесе өзге халықтың өміріне негізделіп зорлықпен ырықсыз жасалған реформа адам баласын жойқын апатқа душар етіп келеді. Бүгінгі тарихшыларымыз біздің қоғамдық дертімізді, аномальдық яғни ауытқушылдық жағдайымызды Петр реформасының халыққа қарсы бағытталған қасіретті рухынан деп текке айтпаса керек.

Бұл айтылған пікірімізге қарап, бізді халықшылдардың тар шеңбердегі [теориясына], яғни халықтардың тағдырын алдын ала кесіп-пішіп ...олар ешбір бөгде қатыссыз өзімен-өзі дамиды деп топшылайтын топқа жатқызудан аулақ болған жөн. Керісінше, біздің тұжырымымыз европалық, әрісі

жалпы адам баласына тән ғылым-білім бұлағынан нәр алуда, сол мақсатқа жету жолындағы бөгеттермен батыл күресу. Бұл дамуға, мәдениетті өрістуге қабілеті қандай да болмасын халықтың түпкі мақсаты болу керек. Күтім, бап, үй жануарларының тұқымын қалай жақсартатын болса, мәдениет те адам организмін солай жақсартады. Ал қазақтың европалық қайта туындау идеясын қабылдайтын қабілеттігін арттыру үшін оған алдын ала білім беру арқылы ой қабілеттілігі мен жүйке жүйесін жетілдіру керек. Организм өз деңгейіне жетпеген нәрсені қабылдай алмайды.

1822 жылы Сперанский⁴⁴ Сібір заңдарының жинағын құрастырады да, 1824 жылы бұл заң қазақ даласында да қолданылды. Өзіндік әдет-ғұрпы, ой-тірлігі бар көшпелі сауатсыз халық аты-жөні жоқ, күтпеген жерден толып жатқан сатылы басшылығы, олардың көп бөлшекті бағынышты тармақтары, түрлі атаулы сатысы бар бюрократтық орталыққа бағынды. Бұл әкімшілік жүйесі осыған дейін қазақ былай тұрсын, орысқа да түсініксіз еді.

Бұйрық, жарлық, мәжілістер мен кірісті, шығысты тексеретін журналдармен қоса, бізге татар молдалары мен татардың оқу-білімін де қоса тарту етті. Мұндай реформаны біз халықты опатқа ұшыратады, прогресс жолына залалды деп санаймыз.

Бұл ұзын сонар, тіпті өсиетке айналған сөзімізді қажет деп тапқан себебіміз, сібір қазақтары облы-

сының сот реформасы мәселесін шешу жөнінде облыстық басқарманың жанынан құрылған комитет бүгін де барлық жұрт аксиома ретінде қабылдаған ғылыми деректермен, біздің заманымыздың мақсаты мен талабына ден қоймай, жіті таныспай, комитет кеңесшісінің бірі Яценконың атақты қазақтардан жинаған «халық пікіріне» сүйене отырып қорытынды жасаған.

Халық пікірі дегеніміз, біз жоғарыда айтып өткендей, ақылы толмаған баланың балғын ойындай, сондықтан да әлі жетілмеген халықты балалық балғын шақта деп, айтып жүруін әділеттік санаймын, ал сұлтандар мен билердің пікірі одан да кемірек саналады, өйткені бүкіл ұлттың мүддесі, қатал әділеттікке жүгінгенде, жеке қауымның пайдасынан жоғары болу керек. Ал реформа жөніндегі мәселе терең ойды, байыпты тұжырымды қажет етеді, өйткені халықтың «не өлім, не тірлігі» соған байланысты⁴⁵.

Ресей империясының құрамына еніп отырған барлық бұратана тайпалардың ішінде халқының санының көптігінен, байлығы жөнінен біз бірінші орын аламыз. Меніңше алдағы өркендеу де бізге – қазақтардың үлесіне тиеді. Біз ұлан-ғайыр тұтас аумақты алып жатырмыз, ал өзге бұратана халық орыс тұрғындарының арасында бытырай орналасқан. Біз орыс қол астында 800 мыңдай болсақ, әлі оған бағынбаған тумаларымызбен миллионнан астамбыз, ал Европа Ресейдегі барлық татарларды,

оған башқұрт, ноғайларды, Бөкей ордасындағы⁴⁶ қазақтарды қосқанда бір миллионға азар жетеді. Ресейдің ортаазиялық саудасы деп атайтынымыз біздің саудамен пара-пар. Бұқардың⁴⁷, Қоқанның⁴⁸, Орта Азияның басқа да елдерінің үлесіне, жалпы сауда байланысының аздаған ғана үлесі тиеді. Түптеп келгенде, біздің халқымыз орыс қоғамының ойлайтынындай тағы дөрекі емес.

«Бұл неғылған қырғыз-қайсақ әдеті! [Әлде қандай] қырғыз-қайсақ жасаса кешіруге болар еді», – деген сөздерді өте жиі естіп те, оқып та жүрміз. Намысымызға тиетін осы тәрізді сөз айтылғанда, біздің халықты қырғыз-қайсақ дейтіні, ал мадақтаған кезде жай қырғыз немесе қайсақ дейтіні мұндай жақсы болар ма. Осыдан туындайтын ой – бізді жабайы, дөрекі деген пікірдің өзі сайып келгенде, қырғыз-қайсақ сөзінің тағылығына, тұрпайылығына негізделіп отыр». Шынтуайтқа келсек, қазақ халқы ең бейбітшілікті сүйгіш халықтардың бірі, олай болса орыс патшалығы бұратана халықтарының жабайылауының қатарына жатады. Бұл жағынан алғанымызда алдымызға буряттарды ғана саламыз, онда да буряттардың ең қайырымды да жоғары ілімді буддизмі⁴⁹ қабылдауы бақыт болады...

Біздің халықта Шығыс шығармаларына қарағанда, үнді-германдық эпосқа жақын поэтикалық сапасы бай өсімдік⁵⁰ әдебиеті бар. Біздің қоғамдық өсуіміздің түрі нағыз буырқанған кезеңінде, яғни

мәдениеті дамыған елдердің дәрежесіне үйлесімді жағдайдың деңгейінде. Біздің болашақтағы үмітіміздің бәрі осы деректерге негізделген⁵¹. Мұның үстіне біз Бату татарларының ұрпағы болғандықтан, орыстармен тарихи байланысты былай қойғанда, қандас та туыспыз.

Азаматтық дамудан қалтқысыз үміткер адамдардың өздерін орыстармен отандас бауыр санап, орыстың қол астында өз еркімен қосылған миллиондаған адамдардың тағдыры меніңше үлкен қамқорлықты қажет етері даусыз, яғни мұндай үзілді-кесілді мәселеде Шекспирдің не өлім, не тірлік деген ойы туындайды. Мешеулігіне байланысты өзін-өзі қорғау жолын дұрыс игере білмей, енжарлық, селсоқтықтың ұялауы патша үкіметі тарапынан біздерге аса сергектікпен өте сақтықпен карауды қажет етеді.

Біздерді ерен санамауының ғана салдарынан облыс бастықтары, бұрынғы облыс басқармасының қасындағы комитет өз жұмыстарының арқауы етіп, ешқандайда баға берместен сұлтандар мен билердің және басқа атақты қазақтардың пікірлерін қабылдап жатты. Қазақ халқының үстем табы «қара бұқара»* қаламайтын, олардың мүддесіне қажет емес, керісінше зиянды өзгерістермен қайта құрылымды жобаларында енгізуі тек қана ескерсіздіктің, немқұрайдылықтың салдары. Халық

* Дала аксүйектері қарапайым халықты осылай атады.

пікіріне дұрыс баға беру үшін комитет қазақтың қауымдық қатысына, олардың орыс үкіметіне тікелей қатысына назар аударуы қажет еді. Комитеттің қолында мұндай дәлелсіз пікірді тексеретін, анықтайтын тарихи және санақтық деректер де болды. Облыс басқармасындағы құжат деректері мен санақ деректері жұтаң болғанның өзінде де білімсіз, жартылай жабайы халықтың, білімсіз де жабайы ақсүйектерінің пікірінен әлдеқайда құнды да, әрі ықтималдығы да мол еді.

Бұл хатта облыстағы сот реформасы мәселесін нақты деректермен, болжамдармен түсіндіріп, пікір айтуға бел байладық. Біз облыс басқармасы мен округтік приказдардың іс қағаздарынан алынған санақ пен тарихи деректердің кейбірін пайдаландық⁵².

* * *

Мен Яценко мырзаның көмекшісі, әрі қызметкері ретінде оған жүктелген тапсырманы ескере отырып, халық пікірінің маңыздылығына дұрыс мән беріп, оның шынайы көрінісін жеткізу үшін ісіміздің барысындағы барлық жағдайға нақты, әрі егжей-тегжейлі шолу жасауды жөн деп есептедім. Ең әуелі халықтың пікірі қалай, қандай жағдайда жиналғанынан бастайын.

Біріншіден, болыстар, ақсақалдар, сұлтандар, билер және ауқатты қазақтардан, яғни мәнсапқа ие болуды көздейтін атқамінерлерден сөз тарттық.

Ал халық, яғни ауқатты емес, шені жоқ, атағы жоқ қазақтар пікір алысуға және осы мәселе бойынша өткен жиынға тым аз қатысты, тіпті қатыспады десе де болады. Бұл деректің нақтылығына көз жеткізу үшін, алынған жауаптарға, мөрлер мен таңба белгілеріне қараса да жеткілікті. Онда старшын мен сұлтан біткен түгел қамтылған. Қарапайым қазақтар жиын болған жерден жайлауы шалғай болғандықтан, өте қажет жағдайда ғана тексеріске келді де, іс аяқталысымен тез қайтып кетеді.

Халықты жиынға қалдыруға, ел сұрап тұрған қазақтар селқос та қарады, өйткені қашаннан келе жатқан дағды бойынша туыстары үшін дауыс беріп, олардың сөзін сөйлеп жататын, оның үстіне соншама адамды тамақтандыру да оңайлыққа түспейтін. Біздің ісіміз бойынша алғашқы кеңеске қатысқан, 1854 жылғы билердің тізіміне тіркелген сұлтандар мен билер бірер күннен кейін мөрлерін бөгде адамдарға қалдырып қандай да болмасын халық шешіміне баса салуды өтініп, жасырын ауылдарына тайып отырады. Сонымен приказда орданың чиновниктері мен мәнсапқор, атқамінер байлары қалғаны байқалды. Жобаны оқыған кезде, бұл адамдардың селқостық білдіргені былай тұрсын, әуелі қалғып-мүлгіп отырды. Біраз адам болмаса, жалпы қазақ бұл не екенін, одан не талап ететінін ұққысы да келмеді.

Мұндай аса маңызды халықтық іске деген енжарлықтың себебі мынада еді: біріншіден, надандық,

өз пайдасын білмегендік, екіншіден, біз оқып, оған тез жауап қайтаруды талап еткен ереженің мәнісі қазақтарға алдын ала түсіндірілмеді, оған қоса қазақтың селқостығы орыс үкіметіне сенбеушіліктен де туындады. Олар біздің адамдарымызға бұл сауалдармен көзбояушылық жасап отыр немесе бізге пайдасыз өзге бір мақсат көздеп отырған болар деп, күдіктенді. Орыс бастықтарының әрбір әрекетінен қазақтар тек қана қастық, бостандығымызға, тұрмысымызға қол сұғатын озбырлық деп білді. Бұл да түсінікті жағдай, өйткені қазақтар орыс бастықтарын өздерінің орыс заседательдерінің⁵³ әрекетімен бағалайды.

Менің түсінігім көптеген адамдарға күдік туғызуы, тіпті, өз халқына жала жапты деп қаралайтын мырзалар да табылып қалуы ықтимал. Өзімді жақтау үшін қазақтардың үкіметке, орыс чиновниктеріне (қазақта екеуі бір ұғым) сенімсіздік, күдік тудыратын толып жатқан ұсақ-түйек, тіпті, баланың ісіндей қылықтардан мысал келтіруге болады.

Қырқыншы жылдары бұрынғы шекара басқармасындағы Сотников⁵⁴ деген чиновникке қазақтардың заң жобаларын, сот ғұрыптарын жинастыру тапсырылды. Бұл чиновник өзінің жылнамасын тым әріден бастамақ ойда болса керек, қазақтың ру басыларын алдын ала приказға жинап, қазақ халқы қайдан шықты, олар қалай қалыптасты, қазақ деген сөз қайдан шықты? Бізден неге соншама қазбалап сұрайды, ата-тегімізді білгеннен орыс үкіметіне

келер пайда не, деп ойлады қазақтар. Бір білімпаз казак, сірә, біздерді казак (казак-орыс) қауымына айналдыратын шығар, өйткені шежіре бойынша олардың тегі қазақ болған ғой деп, жорамалдады. Бұл ой бәрін баурап алды да көздері жеткендей болып, олар Сотников мырзадан «Қазақ және Үш жүз» туралы аңызды жасырып, өздерінің тегін Арабстаннан немесе Түркиядан тараған⁵⁵ болып көрсетті. Сотников қазақтарды казак-орысқа айналдырмақ болды деген қауесет қырда көпке дейін басылмады.

Біз өз тарапымыздан қазақтардың сеніміне ену былай тұрсын, шындығын айтқанда, олардың күдігін біз қоздырдық. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтірейін, сол кезде приказдар орналасқан станицаларға, қалаларға беделді адамдар да, қарапайым адамдар да, қысқасы бүкіл казак жиналды.

Округтердің бәрінде де алғашқы жауап бірегей болды, мұны жиналған жұрт бірауыздан құптады: Билердің соты, олардың съездері, – деді халық – бізде атам заманнан бар және де қазір орыс үкіметі ұсынып отырған мировой (бітістіруші) соттың алғы ісін толық қамтыды. Бұл сот, – деді жиналған қазақтар, – біздің халықтық тұрмысымыздың жағдайын қанағаттандырады, сондықтан билердің соты мен съездерін сол ежелгі халықтық үлгісінде қалдыру қажет. Бұл халықтың шешімі, *en masse**,

* Яғни көпшілік, жұрт (*франц.*).

жиынның шешімі болса керек. Бірақ Яценко мырза үкіметтің ережесін, нұсқауын еске алғаны болар, оларға өздерінің пікірлерін қайта қараудың жалпы жобасының негізгі ережесіне сай айту керектігін ескертті. Мәселен, билердің санын белгілеу, билердің сайланатыны [т.с.с].

Қазақтар абыржып, қауым сенімсіздік білдіріп, егесіп, кеңесіп, халық бұл мәселеге ойлануға мұрсат беріп, істі кейінге қалдыруды өтінді. Қазақтар дуылдасып далаға шықты, топтасып қайта кеңесті, бір уақытта аздаған топ қайта оралды. Екінші мәжілісте қосымша ұсыныс жасалып, «билер соты мен съездерін ежелгі халық үлгісінде қалдырып, оған заман рухымен жағдайға байланысты кейбір үйлесімдікпен, қосымшалар енгізілсін», делінді.

Осы жеңілдікке қол жеткеннен кейін біздер сайлаудың ережесіне, бітістіруші соттың міндетіне байланысты «жобаның» тармақтарын оқып бердік.

Қазақтар әрбір тармаққа өз пікірлерін білдіргенімен, өздерінің алғашқы ойының мағынасына қайшы келді, яғни қосымшасыз, жанамаларынсыз-ақ тікелей өздері сақтауды талап еткен билер сотын күйретті. Бұл пікір – бірнеше би мен әкімдердің аузынан шықты, орданың өзге құрметті адамдары оларды мақұлдап бас изеді. Қарапайым халық өкілдерінің арасында кей кезде дуылдасқан айтыс сарыны да естілді. Билер өздерін-өздері ұзақ мерзімге сайлап, оларға өз еріктерімен істі қабылдап, оған шешім жасауына және шешімнің жүзеге

асырылуына қатысуға құқық беруді қалады; және де би шешімі белгілі жағдайда шағым жасауға жатпайтын болуын, қысқасы қазақ сотының бірлестігін (корпорациясын), яғни қазақ биін, сот практиканын мировой (бітістіруші) соттың дәрежесіне, сот чиновнигінің дәрежесіне көтермек болды. Болыстар өздерін сақтап қалу мақсатымен қазірде қолдарындағы чиновниктік билікке тікелей қауіп төніп тұрғанын аңғарып, билерге қатты қарсылық көрсетті.

Аға сұлтандардың делдалдығымен олар өзара ымыраласып, би – болысқа, болыс – биге, ал болыстар мен билер сұлтандарға бөгет жасамайтын болды. Орданың қолында билігі жоқ атқамінерлері болашақта бұл әкімшілік мәнсаптан үміткер болғандықтан, бұқара халықты қанауда дала әкімдері біріне-бірі бөгет жасамау үшін бәріне де келісті.

Сібір қазақтарының облысындағы сот реформасы жайындағы біздің жұмысымыздың жоғарыда келтірілген деректеріне қарап, жалпы халықтың қалың көпшілігі билер сотының ежелгі тәртібінде қалуын қалағанын, ал шенді, мәнсапты, ауқатты қазақтар керісінше, билер сотына сол негізде өзгеріс енгізу жағында болғаны айқын аңғарылды. Шен-шекпенді қазақтың кедей, әрі құрметке ие болмағандарға о жарлығының айқын айғағының бір мысалын Қарқаралыдан келтіруге болады. Онда би мен сұлтандар «қара халықпен» келіспей, өз

пікірлерін айтып, олардың округінде төрт бас би тағайындап, бір бидің үстінен бір бидің қаратылуы ұсынылған. Бұл ұсыныс қисынсыз болса да хатқа енгізуге міндетті едім, сондықтан приказда бұл хатты көшіріп жатқанымда, менің пәтерімді атты-жаяулы қазақтар қоршап алды. Халық «би үстінен би» қараған бапты алып тастауды талап етіп, өз ұсыныстары орындалғанша тарқамай тұрып алды. Іс былай болыпты, бірі заседатель, бірі – басқарма болған екі старшын халықтың талап етуімен паракорлығы үшін орнынан алынды, ал қазақ билеушілері бауырластарына жаны ашығандығын, халықты көзге ілмейтіндігін көрсету мақсатымен болу керек бұл паракорларға «төбе би» деген дәреже тауып, сонымен қарапайым халықтың тарапынан демонстрация тудырды.

Міне осындай *asta et fasta** халық пікірі деп даурығудың жалған да жасанды екенін толық білуге болады ғой дейміз. Комитет бұл пікірлерге қарап, беделді ордалылықтардың айтуымен жасалған сот реформасымен билер сотын қайта құру ережесі бүгінгі қазақ халқының әлеуметтік өсу жолын толық қанағаттандыра алмайтыны байқалды, ал өзімізге келсек бұл іске тікелей араласып, өз көзімізбен көргендіктен бұл пікірлерден қаскүнемдік пен балаң ниетті, бір жағынан селқостық пен енжарлықты,

* Актілер мен істер деген сөз. Автор қолымен сызып, латын транскрипциясымен берілген.

енді бір қырынан білімсіздік пен тағылықты аңғарды.

Қазақтың шенді-шікпенділері дәлелсіз құрғақ сөз айтты деп кінәлай отырып, өзіміз соған ұрынбайық. Сондықтан біз бұл институттың мақсаты мен ерекшелігін аңғару үшін билер сотының мәніне тоқталайық. Содан кейін ғана статистика мен өзге де нақты деректерге сүйеніп, билер соты қазақ халқының бүгінгі өсу дәрежесін қанағаттандыра ма, соны анықтап, соңында ақтық қорытынды шығару үшін билер соты үкіметтің жобалап отырған мировой (бітістіруші) сотының алғашқы жобасымен қалай сай келетінін салыстырып және соңғысын қазақтың тұрмысына қолдануға жарай ма, немесе мүлдеп жарамай ма, деген ойды түйіндейміз>.

Ежелгі халықтық үлгідегі билер соты

1. Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттық істегі патентке айналды да, бидің балалары

заңнан тәлімі болғандықтан, әке орнына мұрагер болып қала берді.

Қазақ халқындағы мұндай мұрагерлік жайында көптеген мысал келтіруге болады. Орта жүздің Қаракесек руында⁵⁶ XVII ғасырдың ақырында Қазыбек⁵⁷ деген атақты би болды, олардың тұқымы осы күнге дейін билікке ие болып отыр:

Қазыбек
↓
Бекболат
↓
Тіленші
↓
Алшынбай

Бұған қарап, қазақтарда би атағы мұрагерлік жолмен беріледі екен деп те ойлауға болмайды. Шорман би Қаржас руынан⁵⁸ шыққан атақты, әрі бай қазақтың баласы, бидің баласы емес. Ата-бабасында би болмаған Шорман он үш жасында жиын топта топ жарып, дау шешеді де, өле-өлгенше бала би атанып кетті. Әкесі атақты би болса да, ол атаққа балаларының қолы жетпеген талай қазақты білеміз.

2. Рулық әдет-ғұрыптың заңына байланысты бір рудың адамдары бір отбасының мүшелері сияқты болған да, өз руласы өзге рудың адамдарымен дау шешкенде, билік сұрағанда ол процесте билік жүргізбей, руласына адвокаттық міндет қана атқарған.

Қазақтың туыстық қатысы жеті атасынан әрі, тайпалық тармақтарына да тараған. Мәселен, Орта жүз: арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, уақ, керей болып алты арыс ел аталады, олар өзара бауырлас саналады, сондықтан қоңырат тайпасының талапкері (жөкшысы) арғын тайпасының жауапкерінің процесінде облыстың 15 болысын ғана қамтитын бағаналы, қыпшақ, уақ, керейлердің биінен өзге, яғни Сібір қазағы облысының барлық биін рулас, солардың сөзін сөйлейді деп, сот билігінен шығаруға толық құқы болды. Қазақтың рулық әдет-ғұрпының бұл ерекшелігі – қазақ даласындағы би атаулының, іске қатысы жоғының қайсысын қалаймын десе де толық құқы бар екеніне негіз болды.

Орта Азиядағы ең күшті билеушілердің бірі Барақ сұлтан 1758* жылы Кіші орданың ханы Әбілқайырды⁵⁹ өлтіріп, бүкіл қазақ халқынан төрт би жинап, өзіне сот құрды. Оның құрамында Ұлы жүзден Төле би⁶⁰, Кіші жүзден Әйтеке⁶¹ би болды.

Көшпелі тіршілік, қонысты жиі өзгертудің салдарынан сол жолда ру мен рудың қақтығысуына себептер табылды, бір жерден екінші жерге жиі қоныс аударуға, бір ру мен екіншісінің жиі қақтығысуына ықпал тигізген көшпенді тіршілік, қазақтың қонақшылығы мен қыдырымпаздық, кезбелік әдеті, билердің дамылсыз съездері және де атақты ордалылықтардың жырақтан асқа, бәйгеге, өзге де ха-

* Қате, анығы: 1748 жыл.

лықтық жиынға, мәжіліске шақырылуы қазақтардың өз ісін өзге рудың немесе басқа жақтан келген атақты бидің төрелігіне ұсынуға бұрын да, қазір де мүмкіндік туғызып келді. Тегінде қазақтар жолаушы билерге жиі қатысатын, соның салдарынан артық-ауысы, жанжалы мол көрші тайпаның биінен гөрі, бейтаныс биге жүгінуді жөн көреді.

3. Сот ісіндегі орныққан жоралғы бойынша қаралатын іс, жаңа көрген қуғындаушы адамның жеке ісі болғандықтан, айыпты адамнан би ақысы немесе (бийдел бийлоги*) бидің билігі алынып, биге тарту етіледі.

4. Биге практикант, ал сотқа жеке іс деп қараудың себебі, қазақ билері істі қабылдап, оны тексеруге кіріскенде, өз бетінше емес, жоқшы адамның өтінішімен немесе әкімшілік өкіметтің хабарлауымен ғана жүзеге асырылады. Сол себептен де өз шешімдерінің жүзеге асырылуына қатыса алмаған.

5. Би мен сотқа деген мұндай еркіндік көзқарас арыздану құқына шек қоя алмады, сондықтан қазақтар қалай арызданамын десе де құқылы болды.

6. Би сотының ең бір тамаша ерекшелігінің құрамына, әрине, мына әдет те жатады: егер айыпты адамға тікелей айғақ табылмай, бірақ соның кінәлі екеніне күдік басым болса, онда билер айыпты адамның адал туыстарын төрелікке тартып, яғни оларға айыпкерді ант беріп ақтап алуға не-

* Дұрысы: бидің билігі

месе айыптауына мүмкіндік берген. Бұл «ант берушілердің» саны және оларды таңдаушылар дәрежесі құралған істің маңыздылығына байланысты болды. Сонымен ант берушілер айыпталушының жақын руласынан, ал кейде сол болыстан немесе бүкіл округтен алынған.

7. Билер соты ауызша, халық алдында жария жүргізілді, барлық жағдайда да адвокатура араласты. Оның халықтың құрметіне бөленгені соншалық, оған ешқандай да тәртіпке шақыру шарасы бұрын да қазірге дейін де қолданылып көрілген емес.

Округтік приказ орнағанға дейінгі қазақтың Орта ордасының (Орта жүз) қоныстарында қырдағы билер соты осындай болды.

Біздің облыстағы қазақтардың қазірге дейін жүргізіліп отырған билер сотын мұқият қарап, аса зер салсақ та, біз жоғарыда көрсеткен ежелгі халық сотының үлгісіне қосылған ешқандай жаңалық, өзгеріс таба алмадық. Орыстың қырық жылдық ықпалына қарамастан жүз жыл бұрынғы, бәлкім бізге дейінгі мың жыл бұрынғы қалпын сақтап қалған. Сонда халықтың ішкі даму күші де, орыс мекемелері мен заңдары да оның ежелгі, қарапайым үлгісін өзгерте алмады. Бұл тараптан орыс үкіметі оған қарапайым да ресми ұйымдық жасап беруді ойластырып та көрді. Осы мақсатпен 1854⁶² жылы жаңа заң шығарылды. Онда былай делінеді: «1854 жылы 19 мамырға дейін би аталғандардың

атағы өздеріне қалдырылсын: бұдан былайғы жерде бұл орынға сұлтандар және 6 жылға дейін ауыл старшыны міндетін атқарып, жақсы қызмет көрсеткен немесе патша ағзамға қызметімен көзге түсіп наградталған қауым сайлап, округтік приказ бекіткен адамдар ғана тағайындалады. («Бұратана халықтарды басқару мекемесі», 2-том, 2-бөлім, 92-бап). Чиновниктік мән беріп, бидің дәрежесін арттыру мақсатымен жасалған бұл сәтсіз заңның салдарынан бидің тізгіні халықтың әдет-ғұрпынан төрелік заңынан бейхабар, менмен, тоғышар байлардың қолында кетер еді. Бақытқа орай, бұл заң қазақтың халық сотына ықпал ете алмады. Өйткені 19 мамырға дейін би болғандар өз істерін толық бұрынғыдан үлгеріп отыр, сондықтан қазақтар әділ сотқа жүгінуде. Сонымен қазақ даласында ежелгі билердің соты баяғы қалпында, яғни қазақтар орыстың қол астына қарағанға дейінгі қалпында жүргізіліп келеді.

Егер қырық жыл қазақ халқының қоғамдық өміріне мүлдем жаңа құбылыстар енгізген орыс билігі қазақтың ежелгі сот билігіне ешқандай ықпал жасай алмаса, егер сот орыс заңының үйлесімсіз жағдайына (мәселен, 1854 жылғы заң) қарсы тұра білсе, онда бұл қазақ халқының бүгінгі даму кезеңіне де сай екені даусыз.

Билер сотының қанағаттандыратынын ресми деректер айқын дәлелдей алады, атап айтқанда: қырғыз тарапынан орыс заңы бойынша билер қа-

райтын істерге мүлдем өтініш жоқ та, ал билердің істеріне аздаған ғана шағым түседі.

Округтік приказ ісіндегі мәліметтерге қарағанда, Қарқаралы, Көкшетау, Баянауыл округтерінде соңғы үш жылда бидің әділетсіз шешіміне және орыс заңы бойынша шешімнің қаулысына өтініш, шағым мүлдем түскен жоқ. Бұл округтерде іс те аз қаралмады, мәселен, Қарқаралы округінде ғана билер соты 1860 жылы – 72, 1861 – 77, 1862 жылы – 22 іс қарады, ал Атбасар приказында 1861 жылы орыс сотының шешіміне байланысты бір ғана шағым түсті, оны жазған қазақ емес, казак еді. Соңғы үш жылдың барысында бидің шешіміне түскен наразылықты орыс, татар, ташкенттіктер және өзге халықтармен шекаралас Ақмола округінен көбірек байқап отырмыз. 1860 жылы Ақмола приказына екі шағым, оның бірі орыс сотының өтінішімен жөнелтілген, ал 1863 жылы – 3, 1862 жылы – 4 шағым түсті. Ақмола приказына осы мәселе бойынша келтірілген деректе шағым жасаған адамның тегі, тайпасы көрсетілмеген. Шағым иесі қазақ емес деп ұққан жөн болар.

Шынтуайтында, қазақтар орыс сотын қалайтыны жөнінде біршама істерді білеміз, бірақ орыс сотына шағым жолдап отырған бұл ордалықтар халықтың қарғысына ұшыраған, адамгершіліктен*

* А. қолжазбасында – сауатсыздар – көшірген адамның бұрмалағаны.

жұрдай болған, «халық сотында сәті болмаған» ісін орыс чиновниктері арқылы заңсыз жолмен бітіруге үміттенгендер еді. Сондықтан олар не жоғалтсын! Құсмұрынның белгілі барымташысы Қоржық, Көкшетау округімен өз қазақтарының көптеген шағымымен, Атбасардың гауптвағында отырған Баубек осындай жолға барды. Бір кезде Кенесарының⁶³ сыбайласы болған бұл айуанға билер соты бірнеше жылқы төлесін деп үкім шығарғанмен, ол төлеуден үзілді-кесілді бас тартты. Гауптвахтыға отырғызылғаннан кейін орыс сотына шағынды.

Билер сотының пайдасына тағы бір тайға таңба басқандай айқын дерек келтірейік. Орыс талапкері немесе жауапкері көптеген жағдайда орыстың тергеу орнынан гөрі бидің сотын артық көреді. нақтылы дерек бойынша, биылғы жазда Көкшетауда осындай ондаған іс қаралды.

Енді Сібір ведомствосына қарасты қазақ даласының сот реформасы мәселесінің ең басты міндетіне, атап айтқанда: қазақ сотының басты элементтерін орыс губерниясына жобаланған, мировой соттың негізгі ережесімен салыстыруға көшейік. Жалпы алып қарағанда, әр түрлі сипатағы мекеме, бұл екеуінің арасында үлкен ұқсастық, идеясында екеуіне тән құбылыс мол болып көрінгенмен, әрбір тармағын жеке алып талдасақ, тек айырмашылықты ғана байқаймыз. Мәселен, ұқсастық дегеніміз істің ауызша, жазбаша, әрі жария қаралуы, бірақ үңіле қараған адамға мұнда айыр-

машылық бар: мировой сот өзінің шешімін қағазға түсіреді, ал билер соты әрқашан олай жасамайды; мировой сот азаматтық істі ғана жария жүргізеді, ал билер соты өз әкімшілігіне қарасты істің бәрін жария жүргізеді (бұл егжей-тегжейді біз заңның баптарымен бірге комитеттің жобасынан алып пайдаланып отырмыз).

Айырмасы мынадай:

а) С о т қ ұ р ы л ы м ы

1. Бидің санына шек қойылмайды. Әрбір округте мировой судья бірнешеу болуы керек.

2. Биді ресми түрде ешкім сайламайды да, ресми түрде ешкім бекітпейді де. Европадағы ақындар, ғалымдар, адвокаттар сияқты билердің маңызы жеке беделге негізделген. Шекспир⁶⁴ мен Гетені⁶⁵ әлейім халық ұлы ақын санайды, бірақ олардың ұлылығы туралы пікір үкіметтің декретімен немесе халықтың сайлауына сәйкес негізделмеген. Ал мировой судьяның сайлауында арнаулы тәртіп, нарық бар.

3. Халық қалағанда ғана би билік жүргізе алады. Оның *Reportms** жүріп тұрғанда ғана оған жүгінеді, бедел жойылғанда билік те дәрежеден айырылады. Ал мировой судья үш жылға сайланады да, қызмет атқарған мерзімінде тұрақты правосы, міндеті болады.

* Бедел, лауазым (*франц.*).

4. Би қазынадан да, халықтан да ешқандай пұл алмайды, бірақ «биден би ақы» алды, ал мировой судьяға земствоның алым-салығынан белгілі мөлшерде оның тірлігіне, әрі кеңсе шығынына қаражат бөлінеді.

5. Билердің съезі мезгілсіз, кездейсоқ шақырылады, ал мировой судьялардың съезіне белгілі мерзім тағайындалады.

Мировой судья істі жалғыз шеше береді, ал билер соты шағым иесі бір рудың адамы болса, әрі өздері бір үйдің билігін қаласа ғана жалғыз жүргізеді.

б) С о т і с і н ж ү р г і з у

1. Мировой судья мынадай істі қарайды: қылмысты іс бойынша – қылмыс ісін жүргізудің 19-бабында көрсетілген және азаматтық іс бойынша 500 сомға дейінгі ізденіске (Азаматтық сот ісін жүргізудің 1-бабы) жататын ұсақ-түйек күнә мен жазалық істер. Ал билер 1167-бап., XV т., қылмыс заңының 2-кітабы, осы томның 183-бабына қосымша, Улож. 1-кітап, § 1, 2-тармақ және осы тармақтың екінші тіркемесіне қосымшадан өзге барлық қылмыс пен айыптық істер және қырғыздардың (қазақтардың) өз арасындағы, әрі олардың биге қарайтын жоқтаушылардың ісіне (1177-бап., XV т., Қылмыс заңының 2-кітабы және 1133, 1134-бап, X т., 11 бөлім, Азаматтық сот ісін жүргізу) байланысты барлық азаматтық істерді қарайды.

2. Билер жеке адамдардың шағымы және полицияның, басқа өкімет орындарының мәлімдеуі бойынша іс қарауға кірісті, ал мировой судьялар болса, бұл жағдайда өзге де қылмыскер мен заң бұзғандар, күнәлілер және өзінің қалауымен күдікті (Қылмыс сот ісін жүргізу, 24-бап, 3-тармақ) адамдарға алдын ала іс қозғаған.

3. Билер істі өз әдет-ғұрпымен, заңымен ана тілінде тергеп, үкім шығарады, ал мировой судья болса істі жергілікті тіл ерекшелігімен жүргізіп, ұжданмен немесе империяның жалпы заңының (Қылмыстық сот жүргізу, 28-бап) негізінде жүргізді.

4. Бидің шешіміне әрқашан да шағым жасауға болады, ал мировой судьяның шешімі белгілі жағдайда ақтық шешім, шағым жасауға жатпайды (Қылмыс заңының 30-бабы, Азаматтық сот ісін жүргізу, 3-бап).

5. Би барлық істі жария жүргізеді, мировой судья болса азаматтық істі ғана жария жүргізеді. (Азаматтық сот ісін жүргізу, 5-бап)⁶⁶.

6. Билер соты қараған барлық іске адвокатура қатыстырылады. Ал мировой соттың іс қарауында адвокат тек азаматтық іске ғана қатыстырылады (Азаматтық сот ісін жүргізу, 5-бап).

7. Мировой судья өз шешімін сол іске белгіленген кітапшаға тіркейді, ал би сотында мұндай кітапша жоқ.

8. Бидің шешімін сұлтандар, старшындар, болыстар жүзеге асырады, мировой судьяның ақтық ұйғарымын мировой судьяның өзі орындайды.

9. Билер сотында шешімге «ант берушіні» қатыстыратын жағдай болады, мұны ағылшындар факт (question of fact) туралы мәселе деп қарайды, мировой сот ант берушіні қатыстырмай-ақ шешім қабылдайды.

Қазақтың билер сотымен мировой соттың іс жүргізуінің осы салыстырудан байқайтынымыз, адалдықтағы үлкен айырмашылықты былай қойғанда, мировой сотпен қазақтың билер сотының жалпы идеясында, практикалық мақсатында екеуіне де тән ұқсастық мол, бірақ мировой сотта ерен формалдық (немқұрайдылық) және бюрократтық (төрешілдік) белгілер басымдау. Біздің ойымызша, егер өсіп өнудің жоғарғы сатысы мен төменгі сатысындағы үйлесімділікті, ұқсастықты ескерсек, мировой соттан билер сотының ең болғанда қазақ үшін кейбір айырмашылығы барына таңдануға болмайды. Дәріптеп жіберіпті деп айтудан жасқанғанымыз болмаса, артықшылығы басым дер едім.

Жалпы алғанда, мировой сот пәк таза сот деп айтуға да және қалайда бұл қалпынан артықты күтуге де болмайды. Үлгілі еліміз Англияның өзінде де, жаңа зерттеу деректеріне қарағанда, көптеген заңгерлер мен мемлекет адамдары ағылшынның мировой сот мекемелерінің бүгінгі жағдайына толық қанағаттанбайтын көрінеді. Блэкстон⁶⁷ Гнейст⁶⁸

және Шарль Конт⁶⁹ өз шығармаларында британ мировой сотының кейбір шамадағы кемшіліктерін көрсетеді.

Біздің пікірімізше, билер сотының басты артықшылығы немқұрайдылық пен әр түрлі ресми кертартпалықтың жоқтығы. Бидің мәні беделге негізделген және бұл атақ сот практикасына деген патент тәрізді. Қазақтар соттың төрелікке Renommee ие болған бидің кез келгеніне жүгінуге ерікті, бұл жағынан қарағанда бізде сырқат адамның медицинаның беделдісіне қаралуға, ал айыпкердің белгілі адвокатқа сүйенгісі келетіні сияқты. Ресми сайлау мұндай жағдайды қанағаттандыра алмайды, ал біздің қырда рулық әдет-ғұрып заңының ықпалымен өтетін сайлаулар бүгін де рулық тартыспен ғана шектеліп, бай қазақтардың даңққұмар, мәнсапқорлығын қанағаттандыруға, лай суда балықты жақсы қарамайтын орыс чиновниктерінің дәулетін арттыруға қызмет етіп отыр.

Егер қазақ өз құлқынын, қарабасының қамын ойлаған чиновниктермен, малды байлардың ырқымен би тағайындауды сайлау арқылы жүргізсе, онда сот әділеттігі деген кім көрінгеннің қолжаулығы болып, қазір де етек алып отырғандай, ақшамен пұлдап, әр түрлі жылпостық жолмен, біздің сот тәртібінен, юстициялық құқықтың жөн-жосығынан бейхабар малды байлардың, атақты саудагерлердің қолына көшіп кетеді. Ынтық жұрт би атандырған адамдардың ішінен қалауынша сот

таңдау-сайлау міндетін толық алмастырады, әуелі дауыспен сайланған соттан гөрі нысанасына дөп түседі. Енді бізде билер өзінің ықыласты мамандықтарымен айналысады, әрі өзінің билігін сақтап қалуға тырысудың да себебі бар. Сайланған чиновник болғаннан кейін жұрттың бәрінен пара алып, өзі де бәріне пара беретін біздің болыстардан оның айырмашылығы болмайды.

Қазіргі жағдайда арам пиғылды соттар ешбір дау-жанжалға ұрынбауы мүмкін, оған ешкім жүгінбесе – сонымен іс бітеді. Ал егер сондай арам пиғылды судья ресми түрде белгілі мерзімге сайланса, қазақтар одан сайлауға дейінгі терминде* көкесін таниды. Ақыры судья ауқатты адам болса, халықты оның әділетсіздігінен сайлауда құтқара алмайды.

Билер сотының артықшылығы, ол істі некен-саяқ болмаса, жалғыз шешпейді; оған қатысатын адамға шек қойылмайды, ал тіпті кейде олар ақтаушы да болып көрінеді және бидің шешіміне шағым жасауға да хұқы бар. Бұл тараптан қарағанда мировой судьяларға үлкен билік берілген, әрі көп жағдайда да судья ешбір кепілдіксіз, бір ғана ардың заңын басшылыққа алып, шешім қабылдайды.

Қазақтар үшін билер сотының түбегейлі ұтымды болатыны жалпы жобаның басқа баптары, әсіресе мировой сот ісін жүргізудің басты баптары көшпенділердің тұрмыс салтына үйлеспейді.

* Жаңылыс басылған, сайлау уақытысына дейін, деп оқу керек.

Мәселен, қазақты орыс заңымен соттауға болмайды. Оның себебі мынада: біріншіден, өзге тайпалық құрамдағы, өскен ортасы, тіршілігі бөлек қазақтардың қылмыс пен жат қылыққа көзқарасына, түсінігіне орыстармен, өзге европалықтармен қатар қарауға болмайды; ақыры қазақтар тергеу кезінде орыспен қатар заңды білмейтіндігінен бас тарта алмағанымен, олар орыс заңдарын білмейді, біле де алмайды. Орысша бірауыз сөз түсінбейтін қазақ орыс заңын білмеймін деп, аузын аша алмайды! (бұл талаптың қисынсыз, көзсоқырлық екені айқын). Бұл, әрине, китаизм, яғни жаратушы иенің тұрғызған асыл мұрасы. Сонда біздің үкіметіміз өз қол астындағы пенделерінен орындауға болатын іс сияқты қисынсыз істі талап етіп отырған болып шығады.

Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өнген заң ғана халық үшін жәйлі болмақ. Бұл заң қаншалық олпы-солпы болғанымен, сырттан телінген немесе жоғарыдан ұсынылған заңнан гөрі оған етене жақын, түсінікті де айқын екенінен ешқандай да күмән жоқ. Тегінде, біз әдетте жиі жүгінетін дамудың жоғарғы сатысының төменгі сатысымен үйлесімділігін ескергенде, шығарылған заңдарға, мысалы, <мұсылман, қытай және> орыстың Русская Правдасы⁷⁰ заңына қарағанда, қазақтың әдеттегі құқығының адамгершілік жағы басымдау. Қазақ заңында европалық жаңа кодексте сіресіп тұрған ескертетін, сескендіретін шаралар

жоқ. Қазақта тән жазасы ешқандай болған емес. Ру заңы бойынша, туыстардың бірінің ісіне бірі жауап беретін руластық жағдайы ру қатысында іс жүзінде көп пайда келтіріп отыр⁷¹.

Өз ұйғарымымен іс бастау қазақ биіне қолайсыздық туғызады. Мұндай құқық қазақ биін сотқа, полицей тыңшысына айналдырып, олар «би ақыны» көбірек алу үшін жұрттың қытығына тигіш, тым міншіл қазымыр болса, ал би шешімін орындатуға қатысу белгілі жағдайда олардың қолына билік те береді. <Соның салдарынан ол адал жеке сот практикантынан полицейді...* айналып кетер еді>. Осындай жалған жағдай да соттың негізгі мақсатына тікелей қайшы келеді.

Бұл келтірілген фактілер мен дәлелдерден мына жағдайды аңғаруға болады:

1. Орыс губернияларына арналып жобаланған мировой соттың бастамасы көптеген жағдайларда қазақ халқының тірлігіне үйлеспейді.

2. Қазақтағы рулық әдет-ғұрыпта, рулық қатыс үстемдік құрып отырған жағдайда, қазіргі кезде қызмет көрсетіп отырған билер соты басынан кешкен өмірінде халықтың өзі өндірген өнімі есепті, оның елінің ерекшелігінің ықпалымен өсіп-өркендеуінің жемісі есебінде халықтың өркендеуін толық қанағаттандыра алады.

* Қолжазбада қалдырып кеткен, сірә, тыңшы дегені болар.

3. Мировой сотпен салыстырғанда билер сотының ең болмағанда қазақ үшін кейбір айырмашылығы бар.

4. Сот реформасы мәселесімен пікір жинағанда, қазақ жұртының басым көпшілігі ежелгі билер сотына ешқандай өзгеріс немесе қосымша енгізбей қолдады.

Жоғарыда көрсетілген себептерді ескере отырып, халық өркендеудің қандай сатысында тұрмасын оның қарапайым өсу жолына: өздігінен даму, өзін-өзі қорғай білу, өзін-өзі басқара білу қажеттілігін басшылыққа ала отырып, біз бұлтартпайтын қорытындыға келдік, яғни билер сотын белгілі мерзімге дейін, 1854 жылы заң шыққанға дейінгі қалпында қалдырып, бұл заңды немқұрайды қараудың төрешіл кеңсешілдіктің идеясының ықпалынан формализммен тәртіп түрінде пайда болғандықтан жою керек. Біздің заманымызда регламентация (тәртіп белгілеу) мен формализмге анохронизм ретінде немесе қытайдың 10 мың салтанаты есебінде қарау керек. Формализм және бюрократизм <кертартпалық-тоқырауға> себепші болды да, бұған дейін қандай да болмасын пайдалы қоғамдық іске қытай қорғаны сияқты тосқауыл жасап, халықтың жасампаз жігерінің талабымен – жиілеп, күн санап құлпырып, жаңа бет бұрыс алған еркін ағымды тоқтатты. Қандай да болмасын өзгерісті ұластырып, орын тептіріп, әрі сақтап қалу үшін біз қабылдағалы отырған реформа сол ха-

лықтың мүддесі, пайдасы үшін жасалып отырғандықтан, оның материалдық мұқтажына шақталуы, әрі сол қоғамның ұлттық мінез-құлқына сай келуі қажет. Бұл жағдайдан тыс жасалған өзгерістің бәрі де зиянды, әрі жағымсыз аномал құбылыс ретінде қауымды айықпас дертке шалдықтырып, тұрала-тып, мешеулетуі мүмкін.

Әрине, біздің үкімет осы уақытқа дейін орыстың қылмыс заңымен сотталып, мемлекеттің арнайы бақылауына алынған қылмыс пен бұзақылық істерді соттың билігіне беруге келіспейді. «Сібір қазақтарының қылмысты ісі» дегенге (Қылмысты істерді қарайтын сот заңы, 1857 жылы басылған, XV т., 2-бөлім, 1167-бабында) мыналар жатады: опасыздық, кісі өлтіру, тонау, барымта, өз руластарын үкіметке қарсы қою, өкімет билігіне ашықтан-ашық бойұсынбау, мәнсаптылардың қызмет бабындағы қылмысы, мемлекеттік ресми құжаттарды әдейі теріс тәржімелеу және жалған шақа соғу, өрт салу, қаралатын іс бойынша жалған ант қабылдау Ресейдің жалпы заңдарының негізінде қылмысқа тартылады; ал сондай-ақ қазақтар қылмысты қылықтарын көші-қонысында емес, қалада немесе елдімекенде жасаса, онда империяның жалпы заңының негізінде қылмысқа тартылады». Біздің ойымызша, кісі өлтіргенді, тонағанды, аюандық жасағандарды міндетті түрде орыс заңымен соттау керек. Бұл жағдайда адамның құнын жүз жылқыға, алты қымбат затқа да бағалайтын қазақ заңы мүл-

дем қанағаттандырғысыз. Бірақ барымтаға біраз жұмсақ қарап, жеңілдік жасау керек болар. Біздің сотта барымта деген өз әрекетінен артық саналып, оған үлкен мән беріліп, опасыздық пен кісі өлтіруден кейінгі ауыр қылмыс деп есептеледі.

Сонымен қатар барымтаның мәні бір ғана аңыз бен ескілік ұғымға негізделген. Криминал фактіге емес, осы сөздің алапат дыбысын негізге алып отыр. Сонда, осы біздің криминалистика барымта деп нені айтады екен? Барымта мәселесі анықталмаған, сондықтан оған дұрыс түсінік алу да мүмкін емес. Облыстық басқарма бірнеше жылдан бері приказдан осы жұмбақты шешуді талап етіп келеді, бірақ одан да қайыр болмады. Облыстық басқарманың стряпчий Кондратович мырза барымтаны кісі өлтіріп, мал айдап кету деп түсіндіреді. Әрине, бұл түсінік бар болғаны тапқырлық жорамал-ақ болар. Біз барымтаны қазақтың өз ұғымымен түсіндіріп көрейік. Қазақта барымтаға кейде заң жүзінде рұхсат етіледі. Ұрлыққа, тонауға, мал айдап кеткенге айып төленеді, ал барымтаға ештеме төленбейді. Барымта дегеніміз – қайтарылатын қалың мал, төленетін құн үшін, құныкер адамның малын, немесе затын, жалпы өзгенің жеке меншігін тартып алу. Ертеде былай да болған-ды, күшті рулы қазақ өзінен әлсіз қазаққа кісі өлімі үшін, құн немесе тіл тигізіп қорлағаны үшін айып төлемеген, кісі өлтіріп құныкер бола тұра немесе кешірілмес қастық жасай отырып, сотқа шақырғанда келмеген де. Сон-

да ру мәжілісінің ұйғарымы бойынша, қорланған, зәбірленген адам барымта алуға аттанып, ауылын шауып, менменсіген өркөкіректі бас идіреді⁷². Екі жақ келісімге келгеннен соң, ешқандай айыпсыз, барымталанған малының шырқы бұзылмай қайтарылады.

Барымта тападай тал түсте, қажет болған жағдайда күшпен немесе жасырын, түнделеп жасалады. Жасырын барымталағанда үш күннен қалдырмай, егескен адамына мәлімдеп, не үшін жасалған себебін айту керек. Өйтпеген жағдайда барымтасы ұрлық саналады. Әдейі жариялап барымтаға шыққанда, қарсы жақ та дайындалып, айбат көрсетіп, жанжал төбелеске ұласып, кісі шығыны да болатын. Әрине, мұның бәрі малды айдап әкету болғандықтан, қылмысты іс деп айыпталмайтын.

Малды тонау дегеніміз – ешбір себепсіз, сылтаусыз, тек пайдақорлық, ашкөздік мақсатпен жайбарақат, қаперсіз қазаққа жасалған шапқыншылық, тонау, айуандық. Қазіргі кезде барымта қарызын қайтарып алу, төленбеген қалың малдың қарымын қайыру мақсатымен, көбінесе, жасырын, ұрлық жолымен жасалады.

Әрине, барымта озбырлық нышаны болғандықтан, біздің үкімет оған шыдай алмайды, бірақ халықтың барымтаға деген, ескі әдет-ғұрыпқа деген көзқарасына үкіметтің қатал қарауы, әсіресе барымтаға аса маңыз беріп отырғаны әділеттік емес деп білеміз. Біздің ойымызша, жасырын ба-

рымтаны, ұрлық барымтаны ұрлықтың түрі ретінде билердің сотына түсіру керек те, ашық, жария барымтаға кешіріммен, яғни жеңілдеу қарау керек. Егер кісі өлімі болмаса, барымтаны би сотына неге бермеске, өйткені бұл да мал тонау ғой⁷³.

Барымта қалай болғанда да, қазақтар басқа да қылмысты істері мен кінәлері үшін сотқа тартылып келген, әлі де империяның жалпы қылмыстық заңымен соттала бермек.

Қазақ болысында сот орнын белгілеу, жергілікті жағдайдың ерекшелігіне байланысты кейбір қиындықтар туғызып отырған жайы бар, енді сол істі қарастырып көреміз. Қазақтармен бұл жайында кенескенде, олар бір ғана бағыт ұстап, қалайда қылмыс соты олардан жырақта болуын қалады. Мұндай қылмыс істері өз орталарында некен-саяқ болатынын сылтауратып, соттың кеңсесін Ақмолада* құруды ұсынды. Кейбіреулер Омбы болсын десті, бірақ Яценко мырза мұны құптамады.

Шынтуайтында, біздің облыста сотта шешілетін қылмысты іс бұған дейін өте аз болды.

Соңғы үш жылда облыстық басқарманың тексеруіне төмендегідей іс түсті:

1861 жылы – 45

1862 жылы – 27

1863 жылы – 39

барлығы: 111

* Қазіргі аталуы – Астана.

Осы деректер:

	1861	1862	1863
Көкшетау приказынан	31	7	13
Атбасар →—	1	3	2
Ақмола →—	3	5	4
Баянаул →—	2	5	4
Қарқаралы →—	8	7	14
Барлығы:	45	27	31*

111 істен шешілгені:

1861 ж. – 34

1862 ж. – 35

1863 ж. – 34

Барлығы: 103

Сотта қаралып біткен істің қатарында 43 қылмыс ғана шешілгенін айта кеткен жөн болар!

Қазақтар мен дала станицаларын мекендейтін орыстар үшін, әкімшілік сот қарайтын болар-болмас іс үшін сотты Ақмолада құрудың қажетсіздігін былай қойғанда, ақшаны босқа шашу емес пе, егер бұл сот кейбір адамдардың ұсынысы бойынша көшпелі жасалса, қазынаның шығынына қоса, қазақ үшін де өте ауыртпалық туғызары хақ. Жәмшікке лау⁷⁴ беру өткен ғасырдағы орыс халқының үкіметке қарсылығының басты бір себебі

* Қате, 37 деп оқылады.

екені тәжірибеден белгілі. Сібірліктер мен Сібірдің бұратана халықтары исправник⁷⁵, заседатель мен поптарға көлік берудің ауыртпалығын осы күнге дейін айтады. Қазақтарда лау беру ешбір жүйесіз, тәртіпсіз жүргізіледі. Көптеген чиновниктер 40–60 атқа дейін лау алып, лаушыларға ақы төлемейді, сылдыр, құрғақ уәдемен шығарып салады. Мұндай кереметтерді жеке адамдар да жасайды.

Кейбір «майорлардың» (қазақтар орыс чиновниктерін осылай атайды) алған көліктерін иесіне қайырмаған жағдайы жиі ұшырайды (құрғақ уәде бермейді).

Осындай пікірлерді қорыта келе, біздің қыр үшін арнаулы сот құрудың қажеті болмас дейміз. Омбыда әйтеуір белгілі бір дәрежеде сот құрылатын шығар, географиялық жағдайына қарағанда, ол қала Ақмоладан кем емес. Егер Шу мен Сарысуды жайлап жүрген бағаналылықтарға Ақмоладан жырақ болғанмен, өзге халқы тығыз округтерге жақын әрі ыңғайлы. Қалай дегенде де қазақтардың соты өз болысында қабылданғаннан гөрі, сотқа Омбыға барғаны әлдеқайда тиімді.

Присяжныйларды сайлау мәселесі жайында. Бұл адамдарды сайлау жайбарақат өтуіне сену қиын және Ордалықтардың атақты адамдарымен рулық жақсы-жаман көзқарастарының ықпалынан секем алмауға болмайды. Сондықтан бұл қолайсыздықтан құтылу үшін присяжный сайлауын сот алқасында өткізу керек, яғни өткен жылы қандай да

болмасын іс қараған билердің тізімін алып, солардың ішінен жеребе тастап присяжный сайлау керек. Егер қырда ерекше сот округін құрмаудан түсетін пайданы еске алсақ, онда сот сессиясы өтетін кездегі присяжныйларды күту шығыны түкке тұрмайды.

Сот реформасы жайындағы хатымды аяқтай отырып, одан – маңызы кем емес, халықтық мәселеге, дін турасындағы мәселеге тоқталмай кете алмаймын, өйткені енді бұл мәселе сотқа біраз байланысты да болады.

Сот реформасы жайында пікір сұрағанда, Көкшетау округінен өзге біздің облыстың бар округінің қазақтары мынадай ұсыныс жасады: «қазір молданың қарауына берілген неке, некеден ажырату ісі бұрынғыдай би билігіне берілетін болсын». Халықтың наразылығын тудырған бұл жағдай, қазір біз қарағалы отырған тарихи фактілерге байланысты.

Орыстың қол астына көшкенге дейін қазақтар есімімен ғана мұсылман саналып, Мұхаммет үмбетінің ерекше суннит⁷⁶ тармағына сыйынды. Мұсылман заңын⁷⁷ қазақтар ешқашан да қабылдаған емес, бұл қазақ даласына үкіметтің қолдауымен, сырт бұйрықтың бюрократтық ағымымен енгізілген.

Халықтың өзі толық қабылдамаған исламды уағыздаудың орыс үкіметіне қандай қажеті болғанын білмейміз де, тіпті түсінбейміз де.

Сібір даласындағы Мұхамметтің апастолы ұлы Сперанский болды, ол молдаларды тағайындап, округтік приказдарда мешіт салдырып, татар училищелерін ашуға ұйғарым жасады. (Особое учреждение управлений инородцев, именуемых сибирскими киргизами. Заңдар жинағы, 1857 жылы, 2-томның 2-бөлімі).

Бізді қайран қалдыратыны сол Сперанский өзінің «мекемесі» жайында айтқанда, қазақтар – есімімен ғана мұсылман, сондықтан оларды христиандыққа, т.б. дінге айналдыру оңай. Бұл салауатты, ақылды адамның осындай надандық, тағылық ілімді уағыздаушы, таратушы болуына не зор келді екен? Осы кезге дейін Ресей империясының қол астына енген халықты дінсіз деп қарау немесе Ресейге бағынғандарды ресми түрде діни бөлектенушілер деп қабылдауы болды, мұсылмандарды да жақтыра қойған жоқ-ты, бірақ қазақты христиандыққа айналдыру саяси жағдайға сай келмейтін еді. Ол заман өтті, прюдеризм* моды емес.

Орынбордың шекара бастықтары өз қол астындағы қырда исламды уағыздауға кедергі болатын шаралар көптен бері жасалуда, онда татарларға молда болу емес, қырда қазақтардың арасында ұзақ тұруға рұқсат етілмейді. Ал біздің Сібірде үкімет мұсылмандықты бұрынғыдай қамқорлыққа алды, соның арқасында біздің облыста ислам ауа жайы-

* Жәдігөй, екіжүзді адам.

лып, етек алып отыр. Бүкіл қырға татардың шала молдасы көбейіп, Орта Азиядан шыққан әулиелер қаптап кетті^{77a}. Біраз уақыттан бері шекаралық округтерге дәруіштік жолды тұтқан күрт, ноғай, түріктер келе бастады. Шетелдік мұсылман кезбелерінің, әсіресе татар семинаристерінің (мен бұларды әулиеге нағыз табынушылар деп білемін) мүддесі қазақтарды соқыр наныммен шырмап, дінге бас шұлғыту; әрине, мұндай кезде бұл қарттардың, қажы мен дәруіштердің де жағдайы жаман болмайды.

Бұл насихат көп жағдайда едәуір өрістеді. Баянауыл, ішінара Қарақаралы округінің қазақтары жана бет бұрғандарға тән құбылыспен екіжүзділікке ынтасы ауды. Онда жергілікті бұратана әкімдерінің қамқорлығында Бұқардан, Қоқаннан келген ишандар⁷⁸ қожалар⁷⁹, көбейді, бұл сұмырайлардың бірі келіп, бірі кетіп сапырылысып жатты. Орыс үкіметі біздің өнегелі тәрбиемізді сеніп тапсырған татардың діни ағзамдары біздің пиғылымыз бен ниетіміздің азғындауына әсер етті, пара алды, екіжүзділікке үйретті, ортаазиялықтармен қосылып аңқау қазақты алдап соғуда. Аңқау елге арамза молда деген осы. Татардың діни ағзамдары мұсылманның кезбе сұрқияларына өне бойы қамқорлық жасап, олармен жалпы ұғымға келіп, тіл тапты, бұған Мансұровтың⁸⁰ ісі дәлел бола алады. Онда көрсетілген молдалардың бәрі де онымен тілдесіп тұрған, көпшілігі өздерін оның мүриді⁸¹ санаған,

содан кейін біздің қырда діни орындар кімнің қолына берілген, қазақ халқының діни өнегесі, діншілдігі кімге тапсырылған дейсіз! Мұндай қоғамдық қиын мәселеге сот қатысы, некенің ісі қалай екенін білу керек болар. Бізде молданың көпшілігі татарлар, олар шетінен алдамшы келеді. Бұлар өз жазуын әрең игерген, барып тұрған білімсіз дүмшелер болса да, рахымсыз қараңғылыққа, тағы нанымға шырмалған тақуалар. <Барлық жағынан алып қарағанда, қараңғылық тұңғиығына түскен жандар⁸²>.

Молда болу үшін Уфада тұратын татар мүфтиінің⁸³ алдында емтихан тапсыруы керек. Бірақ емтиханнан сүрінбей өту біліміне байланысты емес, пұлына (пешкеш)* байланысты. Дүниеде орыстың мұсылман ағзамдарынан өткен паракорлар бар ма екен. Ресейдің ең жоғарғы мұсылман діни ағзамының қолына ақша ұстатпай тұрып, өтініш айтуға болмайды. Уфадағы мұсылманның діни жиынына қатысқан бір башқұрт былай дейді: «Мұнда мүфтиден бастап хатшының, қазының және хұсни хатшының да аузын алу керек». («Заметка башкира о башкирах», – Современник, 1863 ж., № XI, қараша).

Татар халқында біздің татар молдалары жайында айтқандарымызды растайтын көптеген келемеж әңгімелер, мысқыл-мәтелдер бар. Бірақ очеркімізде діттеген ойымыздан ауа жайылмау үшін, оның

* Сый. сауқат.

егжей-тегжейіне тоқталып жатпадық, татар поптарының білімсіздігін, рақымсыздығын, опасыздығы мен дүмшелігінің жүзден бірін сипаттап жеткізе алмадық. Қысқасы, біздің сипаттамамыз жұтан болғанымен, дерек бұлтартпайды ғой.

Енді Сібір қазақтарының облысындағы, қазір де ешбір бақылаусыз молдалардың қолына берілген халық ағарту ісіне тоқталайық. Бұл біз жоғарыда әңгімелеген мұсылмандық пен дінге қызмет етушілердің кейбір істерін айқындай түседі. Біздің облыстың әр ауылында көшпелі мектеп бар. Ондағы мұғалімдердің басым көпшілігі татар молдалары немесе семинаристер, Көкшетау, Атбасар мен Ақмола округінде татарлар басым. Ал Баянауыл мен Қарқаралы жақта кейінгі кезде оларды ортаазиялықтар ығыстыра бастады. Татар діни ағзамдары қазақ жастарын қалай тәрбиелеп жатқаны жайында түсінікті болу үшін бір ғана мысал келтірсек жеткілікті болар. Петропавл қаласын қоныстаған мұсылман халқы арасында мынадай мәселе туды: карта ойнау күнә ме, күнә болса қандай дәрежеде? Осындай сауалмен ғұлама дәмлеге тіл қатқанда ол басқашы өзінің киелі кітаптарын ашып, жауап іздепті де, мұсылмандарды бірімен-бірінің карта ойнауы үлкен күнә, ал орыстармен ұтыс пиғылымен ойнау, джихад* ретінде ойнау зауал, пайғамбардың үмбеттеріне қалдырған өсиетін орындау – дін үшін

* Яғни д ж и х ад (араб.) – дін үшін күрес.

атсалысу. Профессор Березин⁸⁴ өзінің 50-жылдары «Отечественное записки»⁸⁵ журналында жариялаған мұсылмандық жөніндегі танымал мақаласында, мұны өте айқын дәлелдеген, құран сөзінің негізіне және өсиет кітабына сүйене отырып, мұсылмандық пен білімділік біріне-бірі қарама-қайшы, әуелі бірін-бірі жоққа шығарады. Мәселен, Магомет жеті аспан (яғни планета аумағы) бар (тірлік етеді) дейді, олай болса мұсылмандар Птоломейден⁸⁶ бергі астрономиялық жаңалықтардың бәрін жоққа шығаруы керек ғой, олай жасамаған күнде дінге деген сенімінен айырылады да.

Магомет заманындағы космологиялық, медициналық наным мен аңыздарды өзінің іліміне енгізді де, тәрбиелік ғылымды қаңтарып тастады. <Дегенмен арабтар арагидік математикадан қол үзбеді, өйткені Мұхаммед математиканы білмеді, сондықтан оны іліміне қоспаған еді. Арабтарға Юркевичтің⁸⁷ философиясы ұнады, өйткені ол бәріне де жанасуға, әуелі Мұхаммед іліміне де қолайлы еді>.

Кейбір исламды жақтаушылардың ойлағанындай Магометтің ілімін тазарту мүмкін емес, оған ешқандай да реформа жасалмайды. Алтыншы ғасырдағы көшпелі арабтардың сол замандағы спиритуалистердің, жидтердің, парсы сикыршыларының әр түрлі көзбояушылығына, тағылық нанымға иланған діннен қандай қайта дамуды күтуге болады. Егер түріктер мен парсылардың исламы

осындай жағдайда болғанда, мұсылмандық дінде пуританизм⁸⁸ тәрізді орын алып тұрған татар исламы қандай болмақ. Татарлар поэзияны, тарихты, математиканы, философияны, барлық жаратылыстану ғылымын адамның санасын арбау деп жоққа шығарады да, бір ғана мұсылман схоластикасы мен бақасшылыққа ғана сүйенеді. Татар тілінде мракобестік сарынына түспеген бірде бір кітап жоқ. Татарлар қазақ даласында өздері сияқты пақырларды тәрбиелейді, бірақ халықтың жас буыны олардың көрсоқыр ықпалына оңайлықпен көне қоймайды.

Қазақ жастарының Орта Азия елдерімен тікелей қатысы, әрі татарша хат тануы олардың түрік тілінің шағатай диалектісінде жазылған роман, повесть, поэма мен ертегілерді оқуға мүмкіндік берді. Шағатай әдебиетінің эпикалық, беллетристикалық шығармаларынан Шәміл⁸⁹ ілімінің сарыны (арабтардың Грек империясымен соғысының сюжетіне құрылған қаһармандық поэма) немесе Горацийдің⁹⁰ Лигуринге айтылатын одасына (Мавлеви-Жәмидің сүйкімді бала Мырза Хамдамуға махаббаты жайында роман⁹¹) ұқсас немесе өзгеге қатысы жоқ (*бұлбұлдың роза гүліне ғашық болуы жайында поэма**, түсінде көрген қордың қызына ғашық болған қытай патшасының мұрагері туралы повесть) шығармалар.

* Шығыс әдебиетіне кең тараған дәстүрлі лирикалық сюжет туралы айтқан.

Әрине, еркектің еркекке құмарлығын жазған романды оқу өнегелік емес, зиянды екенін, сананы, ойды қиял шатпағына шырмайтын, құрғақ қиял сарынымен жазылған кітаптан пайда жоқ екеніне зерделі адам дауласпайды.

Бірақ батырлық тақырыптағы романның одан да зиянды екеніне бұлардың бірі де сенбейді. Бұхарада Мір Хайдар⁹² әмірлік жүргізіп тұрғанда Әбу Мүсілім⁹³ атты батырлық жырды көпшіліктің алдында жария оқуына тыйым салынды. Өйткені оны тыңдаған адамдар діни нанымға еліккені соншалық, дін жолында шейіт болуы үшін топ-тобымен Парсы еліндегі соғысқа аттанған.

Татар ағартушыларының қазақтарға берер жемісі осы. Бірде-бір шындық нышаны жоқ, адам нанғысыз фантастика, өлі схоластика. Бұл шектен асқан құбылысқа мынадай жағдайды қоса айтқан жөн болады. Араб тілінде жазылған құран сөздерін, оның діни сандырақтарын, тәржімаланбай немесе түсінік берілмей, сол жұмбақ күйінде жаттату, яғни қазақ балаларына санамен емес, таяқтап жаттату жүргізді. «Еті сенікі, сүйегі менікі»⁹⁴ дейді, білім-ілім алуға молдаға баласын берген қарапайым қазақ.

1860 жылы «Северная пчелада»⁹⁵ жас қазақ Бабажанов мырза* Бөкей ордасындағы татар мектебіндегі ілімнің барысын қарапайым тілмен айқын сыпаттаған. Бұл фактінің ұтымдылығы Бабажанов⁹⁶ мырза Мұхамметтің үмбеті, әрі «Северная пче-

ланың» тілшісі болғандықтан, мұсылмандықтың туын ұстаушы ретінде татардың ағарту ісіне қас емес шығар деп ойлаймыз.

Біздің бастықтарымыз бұған дейін барымтаны қудалап, мал ұрлаушыларды іздестіріп, қысқасы, қазақ халқын тәртіпке түсіру жағын ойлады да, қазаққа білім беру жағына онша назар аударма қоймады, молдалардың кезбе дәруіштердің істерін бақылауға мұршасы болмады. Бірақ әлде болса да істі орындауға болар, жөні де келер...

Үкіметтің неке және некеден ажырату істерін молданың қолына тапсыруына себепші болған қазақтардың дәрекі әдеті – қыздарын ерге жас кезінен, көбінесе олардың ырқынсыз ұзатуы ғой дейміз. Қазақтар кейде бесіктегі нәрестесіне құда түсіп, үкі тағатын.

Біздің ойымызша, бұл әдетті мұсылмандық діни ағзамдардың қатысынсыз-ақ жоюға болады. Қазақтардың қыздарын балиғатқа толмай, яғни белгілі жасқа дейін ұзатпауға, әрі ұл-қыздарын өздерінің келісімінсіз зорлай қоспауға, т.б. мәселелерге тыйым салып, бұл тәртіпті қадағалауды аға сұлтан мен болыстарға міндеттеу жөн болар еді.

Полициялық бақылау, заманның ағымы мұны жөнге келтірер, бірақ оған да біраз уақыт керек болар. Некелік жайында төпелеп түсіп жатқан шағымдарға қарағанда, халықтың заманнан орныққан әдетіне мұсылман шарифаты да мүлдеп дәрменсіз болып отыр.

Біздің қырда көбіне молдалық міндет атқарып отырған татарлардың рақымсыздық, білімсіздігін және қандай да болмасын ультрорелигиялық бағыттың халықтың әлеуметтік дамуына тигізетін жат әсерін ескере отырып, молданың ықпалын әлсірету және діни фанатизмді қалыпқа келтіру үшін, әрі халықтың талабын орындау мақсатымен неке және некеден ажырату ісін бұрынғыдай би сотының билігіне берген жөн, онсыз да мұсылмандық некеде, құпиялық та, жұмбақтық та сыр жоқ.

Теологиялық (діни) рұхқа ие болуда, Еуропа халқының өсу жолында да ең кесепатты жағдайды басынан кешірді.

Әкімшілік реформа жөнінде әңгіме жоқ, сондықтан көптеген себептермен біз үшін жанды мәселе болғандықтан, оны қозғамай-ақ қоялық. Қазақтар үшін әкімшілік көкейкесті мәселе, сондықтан оған немқұрайды, атүсті қарай алмайды. Біздің облыстың әкімшілігіне реформа жүргізгенде Орынбор даласын басқару ісіне ұзақ жылдан бері сыннан өткен ой-пікірлер ұтымды кәдеге жарай ма деп ойлаймыз. Орынбор басшылығының оның артықшылығы мен кемшілігін байқайтын уақыты болды ғой дейміз. Орынбор дала басқармасының негізгі кемшілігі, орда чиновниктерін халықтың сайлауымен емес, шекара бастықтарының қалауымен сайлауында. Орта жүз қазақтарына басшыларын сайлауға берілген құқығының ішінде біз

бағалай білетін құқық та бар, бірақ соны қалай болса солай, әділетсіз пайдаланып отырмыз.

Олардың бергі бетіндегі қазақтардан *түтін басы салығы*⁹⁷ ғылыми тұрғыдан қарағанда дұрыс жиналмайды, халыққа ауыртпалық келтіріп отыр. Көтерме⁹⁸ салық былайша қарағанда айтуға да тұрмайтын болғанымен, біздің кейбір шекаралық әкімдердің белгісіз бір ойға еліктегені соншалық, мұны біздің қырда да қолдануды ойласты. Сібір қазақтарының мал басына қарай төлеп отырған жасақ⁹⁹ (ясак) салығы бірден-бір дұрыс, әрі орындалуы да мүмкін, салықтың соңғы теориясына сай, көшпенділерге пәлендей ауырлық келтірмейтініне күмән жоқ.

28 ақпан, 1864 жыл.

Омбы.

ЕСКЕРТУЛЕР

Ш. Уәлихановтың «Сот реформасы жайында жазбасын» 5 томдық толық жинағынан (I томының 495–522 бб.) қазақ тіліне аударған Б. Қожабеков (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығ. Алматы. «Жазушы» б-сы. 1985 ж.) «Ш. Уәлихановтың саяси және құқықтық көзқарасы» кіріспе мақаласы және ескертулері С. Ф. Ударцевтікі. Қазақ тіліне аударған Т. Қаймолдинов.

Чокан Валиханов. Записки о судебной реформе. 2-басылым, толықтырылған және түзетілген./ Алматы: Жеті жарғы. 2003. Кітаптың 1-басылымы орыс тілінде 1999 ж. «Әділет» Жоғары құқық мектебінде жарық көрген.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСЫ (С.Ф. Ударцев)

¹ Шоқан Уәлиханов – дұрыс есімі Мұхаммед-Қанапия, ал Шоқан – анасының еркелетіп қойған аты.

² Шоқан Уәлихановқа арналған соңғы онжылдықтағы уақыт ішіндегі көптеген әдебиеттердегі әр түрлі баға мен көзқарасқа төмендегілерді жатқыза аламыз: *Лурье А.* Чокан Валиханов – первый казахский ученый и просветитель // (тарихи журнал (Москва). 1943. № 11–12; *Айдарова Х.Г.* Чокан Валиханов. Ал., 1945; *Булатов С.Я.* К вопросу о государственных и правовых воззрениях Чокана Валиханова // Қазақ ССР-і Ғылым академиясының хабар-

шысы. 1956. № 3 (132); *Бейсембиев К.* Из истории общественной мысли Казахстана второй половины XIX века (Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин). Алма-Ата, 1957; *Мұқанов С.М.* Шоқан Уәлиханов. Алма-Ата, 1958; *Дюков Л.В.* Чокан Валиханов как последователь Н.Г. Чернышевского// С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің ғылыми жазбасы. 49-т. Заңдар сериясы. 6-басылымы. Алма-Ата, 1960; *Әуезов М. Ф.М.* Достоевский және Шоқан Уәлиханов// Әр жылдар ойлары. Алма-Ата, 1961; *Зиманов С.З., Атишев А.А.* Политические взгляды Чокана Валиханова. Алма-Ата, 1965. *Сегизбаев О.А.* Исследователь, мыслитель. (Ш.Ш. Уәлиханов жайлы). Алма-Ата, 1974; *Атишев А.А.* Социологические и государственно-правовые взгляды Ч.Ч. Валиханова: Мат. к лекциям по ист. и права СССР. Алма-Ата, 1979; *Стрелкова И.* Валиханов (Жизнь замечательных людей). М., 1983; *Марғұлан Ә.Х.* Ш.Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі жайлы очерк // Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. Ж., Алма-Ата. 1985; *Касымжанов А.Х., Уразбеков А.* Чокан Валиханов – ученый и мыслитель // *Философия мәселесі* (Москва). 1984. № 5; *Марғұлан А.* Очерк жизни и деятельности. Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5 томдық таңд., 1-т. Алма-Ата, 1984. 9–77-беттер. *Сатыбекова С.К.* Чокан Валиханов и проблемы культуры (туғанына 150 жыл)// *Философия ғылымы* (Москва). 1985. № 6; *Сартаев С.С., Ударцев С.Ф.* Ч. Ч. Валиханов ученый-востоковед, мыслитель, демократ (туғанына 150 жыл толуына орай) Советское государство и право (Москва). 1986. № 7; *Сатпаева Ш.К.* Чокан Валиханов и русская литература: тарихи-филологиялық очерк. Алма-Ата, 1987; *Бурабаев М.С., Сегизбаев О.А.* Идеиньне связи общественно-философской мысли Казахстана и России (XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы). Алма-Ата, 1987; Чокан Валиханов и совре-

менность: Матер. жиын. Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына арналған Бүкілодақтық ғылыми конференция. (Жауапты ред. Ж.Ж. Әбділдин. Алма-Ата, 1988; *Сәрсембаев М.А.* Международно-правовые отношения государств Центральной Азии. Алматы. 1995. 56–62-бб.; *Усейнова Г.Р.* Государственно-правовые взгляды Ч.Ч. Валиханова: Автореф. дис... канд. юр. наук. Алматы, 1966; *Сегізбаев О.А.* Ч. Валиханов – осноположник казахского Просвещения // *Сегізбаев О.А.* Казахская философия XV – начала XX века. Алматы, 1996. 213–302-бб., *Ударцев С.Ф.* Политические и правовые взгляды Чокана Валиханова // Чокан Валиханов. Записки о судебной реформе/ Кіріспесі мен ескертулерін жазған С.Ф. Ударцев. Алматы: ЖҚМ. «Әділет», 1999. 5–24-беттер т.б. *Стрелкова И. И.* Валиханов. 3-е изд., испр. и доп. М.: Молодая гвардия, 2004. – 295 [9] с. (Жизнь замечат. людей: Серия биогр.; Вып. 871); *Зиманов С., Атишев А.* Политические взгляды Чокана Валиханова // *Зиманов С. З.* Полное собр. соч. 10 томов. Алматы: «Медиа-корпорация «ЗАҢ», 2009. III т. – С. 6–263; *Абдильдин Ж., Абдильдина Р.* Чокан Валиханов – великий ученый и мыслитель. Астана: Фолиант, 2015. – 192 с. и др.

Көркем шығармалардың ішінен Шахимерденнің «Скрытый хан» атты қызғылықты романына көңіл аударған жөн XIX ғасырдың ғалымы, саяхатшы және ойшылының көптеген фактілері мен болжамдары қазақтың бүгінгі күнгі белгілі жазушысының шығармасында қыз-ғылықты түрде түсіндіріліп баяндалады.

³ Қараңыз: *Галиев В.З.* Ссылные революционеры в Казахстане (XIX ғасырдың екінші жартысы). Алма-Ата, 1978. 22-б. Қар.: *Маргулан А.* Очерки жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова// Валиханов Ч.Ч. Таңд., 5 т., 1-т. 1984. 15–16-бб. Полковник Шыңғыс Уәлихановқа жіті назар ауда-

рылуының мәнісі, ұлы Ш. Уәлихановтың достары, таныстарымен оның байланысы болғандықтан болуы.

⁴ А.Х. Қасымжановтың жазғаны бойынша Ш. Уәлиханов Орта жүздің соңғы ханы Уәли (Абылайдың немересі) мен Айғанымдай әженің немересі, орыс жағын қуаттаушы отбасынан шыққан (*Қасымжанов А.Х., Ч. Валиханов//* Портреты: Штрихи и истории Степни. 1-бас., Алматы: «Қайнар» университетті, 1995, 60-бет.) Әйтсе де Қасымжанов қателесті, ол Ш. Уәлихановтың атасы Уәлиді Абылайдың немересі деп. (Негізінде Уәли Абылайдың ұлы, ал Абылайдың немересі Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиханов) Абылай туралы: *Кусаинов А.К. Аблай//* История Казахстана в лицах (Политическая портреты). 1-басылым /В.К. Григорьев пен А.К. Кусаиновтың басшылығымен. Астана, 1999.

⁵ Г.Н. Потаниннің еске алуынан: Мен бірінші рет Бакунин жайлы Омбы да, оны Шлиссельбургтен Томскіге әкелгенде білдім. Гасфорт оны көруді қалаған екен. Бакунинді түрмеден генерал-губернатордың үйіне алып келеді. Үйдегі кезекші, менің досым Шоқан болатын. Ол ертеңіне асығыс түрде келіп, осы жайлы маған айтып берді.

Генерал-губернатордың дәлізіне қарулы жасақтар қоршаған, аю терісінен жасалған тоны бар, ұзын бойлы мырза енеді. Тонын шешкеннен кейні оны Шоқан аймақ бастығының кабинетіне алып кіреді. Бұл екі орыс адамының аса маңызды кездесуі еді. Бірі революционер қатарында болып Австрия империясына болысып соғысса, екіншісі оның қарсы жауы ретінде шайқасқан. Атақты жер аударылушы осы кездесу кезінде генерал-губернатордың залында абыройын жоғары ұстайды.

Қараңыз: Литературное наследство Сибири. 6-т. Григорий Николаевич Потанин. Естелік. Новосибирск, 1983. 87-бет.

Негізінде, Бакунин Шығыс Сібірдің генерал-губернаторы Н.Н. Муравьев-Амурскийдің жиені болатын. Осыған байланысты Гасфорд, өз әріптесінің жиеніне біршама қызмет көрсетуге мүмкіндік жасады. Осы сәттерде Ш. Уәлихановтың екі араға дәнекер болуы да ғажап емес.

Толығырақ қараңыз., мысалы: *Ударцев С.* Тайны писем М.А. Бакунина // Простор. 1989. № 5. Бұл да сол. Связь Чокана Валиханова с русской революционно-демократической эмиграцией// Чокан Валиханов и современность. Сб. материалов Всесоюзной науч. конференции, посвящ. 150-лет. со дня рожд. Ч.Ч. Валиханова. А-Ата, 1998 и др.

⁶ Қараңыз: *Реклю Э.* Земля и люди. Всеобщая география: 19 том. 10 кітаптан тұрады. 4-кіт. Спб., 1898. 6-т. 296, 615-6; 7-т. 115-6. Толығырақ қараңыз: *Ударцев С.* Ч.Ч. Валиханов «Всеобщей географии» Э. Реклю // Простор. 1985. № 9.

Бір назар аударарлығы географияның осы томдарын Реклю дайындауда және баска бөлімдеріндегі Ш. Уәлиханов жайлы еске алуларға орыстың ғалым-эмигранттары П.А.Кропоткин мен Л.И. Мечников, одан баска Уәлихановтың танысы М.И. Венюков қатысқан. Санкт-Петербургтегі Ресей Федерациясы географиялық қоғамының мұрағатында сақталынған М.И. Венюковтың Н.М. Пржевальскийге 1881 ж. 3–18-маусым айы аралығында жазған хаты бар. Онда Реклюдің алтыншы, жетінші томдарға сіңірген еңбегі тарихқа белгілі шұғыласын түсіретінін, әрі өзінің осы салада нендей жұмыс атқарғандығын айқындайды.

Венюков Реклюдің оның кітапханасынан 6 және 7-томдарға қажетті ең басты оның ішінде өзіне беймәлім материалды алғандығын жазды. Міне, шетелдік ғалымдарға оңай түсетін олжа осы, одан оларға даңқ әрі ақша түседі. Реклю өзінің орыс қызметкерлеріне (Драгомановқа, Кропоткинге, Мечниковқа) жылына үш мың франктен төлейді,

менен тегін алған мағлұматтарға ол жылына 100-ден 150 мың франкке дейін алатын көрінеді. Жакында миллионер болады» (Мұрағат ГО РФ (Санкт-Петербург). Ф. 13, оп. 2, № 41. Л. 7 об.). Айта кету керек П.А. Кропаткин барлық уақытта Элизе Реклюні құрметпен айтып отырады.

⁷ РФА орыс әдебиеті институтының қолжазба бөлімінде (Пушкин үйі). Ф. 141 (М.А. Васильевтің жинағы). № 60. Л. 2–2-об. Түпнұсқа жазбада «Чукан Валиханов» деп жазылған.

Қараңыз: *Сартаев С.С., Ударцев С.Ф.* Валиханов Ч.Ч. – ученый-востоковед, мыслитель, демократ (туғанына 150 жыл) // Советское государство и право, 1986. № 7. 125–126-беттер.

⁸ Айта кету керек, И.Ф. Масановтың сөздігінде Ш. Уәлихановтың бір бүркеншік аты бар. Қараңыз: *Масанов И.Ф.* Словарь псевдонимов русских писателей, ученых и общественных деятелей. 4-т. М., 1960. 90-б. (фамилиясы және аты осылай бола тұрса да дұрыс көрсетілмеген).

⁹ «Летопись жизни и деятельности Н.Г. Чернышевского» атты кітапта СССР СА мұрағатына сүйенген, аз уақытта Ш. Уәлихановтың ынталық жазбасы басылды. Ол мүмкін, оның Чернышевскиймен көзбе-көз кездескенінен кейін жазылуы. Жазбаның мазмұнында Чернышевский жайлы сүйеншілік пікір бар. (Қараңыз: *Чернышевская Н.М.* Летопись жизни и деятельности Н.Г. Чернышевского. М., 1953. 232-б.) Солай бола тұрса да Уәлихановтың бұл жазбасы осы уақытқа дейін табылған жоқ немесе оның тұрған жері ұмытылып қалған.

Қалайда бұл Уәлиханов шығармаларының екі басылымына да енген жоқ. Осы мәселені анықтаудың өзі ойшылдың кейбір көзқарасын анықтауға жәрдемі болған болар еді.

Н.Г. Чернышевский жұмыстары жайлы айтылғанда бұл жазбалар цитатаға алынады. Қараңыз: *Скрипильев Е.А. Чернышевский*. М. 1979. 8-б.

¹⁰ Қараңыз, мысалы: *Лурье А.* Шоқан Уәлиханов – қазақтың бірінші ғалымы және ағартушысы // *Тарихи журнал*. 1943. № 11–12. 31-б; *Марғұлан Ә.* Уәлихановтың жаңа хаттары // *Жұлдыз*. 1960. № 2. 146-б; *Зиманов С.З., Атишев А.А.* Политические взгляды Чокана Валиханова. 146-б.

Шоқан Уәлихановтың Ресей эмиграциясы оның кейбір байланыстары Ресей эмиграциясының Иркутскідегі полковник Н.В. Соколовпен таныстығы. Соколов 1860 ж. шетелде А.И. Герцен және П.Ж. Прудонмен Герценнің сипаттама хаты арқылы, бірнеше рет кездескен. Қараңыз., мысалы: *Ударцев С.Ф.* Связи Чокана Валиханова с русской революционно-демократической эмиграцией// *Чокан Валиханов и современность*. Алма-Ата, 1988.

¹¹ *Валиханов Ч.Ч.* Собр. соч.: 5 т., 4-т. Алма-Ата, 1968. 53-б. Шоқан Уәлихановтың Парижде барудағы үміті оған Петербургке қайыра оралған кезінде болғанын жоққа шығару қиын. Себебі, оның танысы көрші Омскінің генерал-губернаторлығындағы Шығыс Сібір әскери бас штабының аға адъютанты Н.В. Соколовтың шет елден оралуы болған болуы. Шілденің екінші жартысынан 21-тамызға дейін ол Лондонда болып, Герценмен кездесіп тұрды. Осыдан кейін Герцен П.Ж. Прудонға сипаттама хат жазып, Соколовтың «өте қызықты адам» және Прудонның «үлкен оқырманы» екендігін білдірді. 1860 ж. қыркүйекте Соколов күн сайын Прудонға барып тұрды.

Қыркүйек айының ортасында Петербургке оралған ол Коронштад моряктарының көмегімен контрабандалық тыйым салынған кітаптарды әкелді (Қараңыз.; *Летопись жизни и творчества А.И. Герцена*. 1859 маусым 1864. М., 1983. 138–139-бб.)

Демек, Уәлихановтың таныстары ішінде анархист әрі реформашыл Прудонды Курочкин, Михайлов, Шаповтар зерттеп оқып білген, Н.В. Соколов жайлы қараңыз. Сондай-ақ: *Кузнецов Ф.* Публицисты 1860-х годов: Круг «Русского слова». Григорий Благовосветлов, Варфоломей Зайцев, Николай Соколов. М., 1969; 2-бас. М., 1981; *Соколов Н.В.* Отщепенцы // Шестидесятники/ Құрастырған және кіріспе мақала авторы Ф. Ф. Кузнецов; Ескертулер. В.С. Лысенко. М., 1984. 166–304-бб.

¹² Қараңыз, мысалы: *Стрелкова И.* Валиханов. М., 1983. 208-б.

¹³ Толығ. қараңыз: *Кун М.* Материалы о русской революционной эмиграции в дневниках и переписке Дюлы Тарнарки// Эпоха Чернышевского. Революционная ситуация в России в 1859–1861 гг. М., 1978. 255-б. Сондай-ақ қараңыз: *Летопись жизни и творчества А.И. Герцена.* 1859 – июнь 1864. М., 1983. 175-б.

¹⁴ *Ч. Ч. Валиханов.* Собр. соч. 5 т-к. 5-т., 571-б.

¹⁵ Қараңыз: Алаш-Орда: Сб. документов/ Құраст. *Н. Мартыненко.* Алма-Ата. 1992. 50-б. Жақып Ақпаев Г.Н. Потанинмен 1913 ж. жақсы таныс болды. Қараңыз: *Кул-Мухаммед М.* Жақып Ақпаев. Патриот. Политик. Правовед. Политико-правовые взгляды Ж. Ақпаева, 1995. 27–28-бб. *Бұл да сол:* Формирование и развитие государственно-правовых идей лидеров Алаш-Орды. Алматы, Атамұра, 1999. Қараңыз: *Букейхан Алихан.* «Таңдамалы шығ. Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1995; *Ақкулұлы С.* Жизнь и смерть лидера Алаш-Орды// Нива, 2001. № 6; *Чокай Мария.* Я пишу Вам из Ножана... Алматы, Кайнар, 2001.

¹⁶ *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч.: 5 томдық., 5-т. Алма-Ата, 1985. 150-б.

¹⁷ *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч.: 5 томдык., 5-т. Алма-Ата, 1984. 239-б.

¹⁸ Қараңыз, мысалы: *Ударцев С.Ф.* Кропоткин. М., 1989. 67-б. т. б. [Бұл да сол] Бакунин Михаил Александрович. Кропоткин Петр Алексеевич // *Федерализм: Энциклопедиялық сөздік.* М., 1997. 25–26-б. 117–119, т.б. 6б.

¹⁹ Толығ. қараңыз. *Виленский Б.В.* Подготовка судебной реформы 20 ноября 1864 г. в России. Саратов, 1963; *Днепров Э.Д.* Проект устава морского суда и его роль в подготовке судебной реформы (апрель 1860 г.)// *Революционная ситуация в России в 1859–1861 гг.* М., 1970. 57–70-бб.; *Афанасьев А.К.* Пресса 1862–1866 гг. о введении суда присяжных в России// *Проблемы истории.* М., 1978. 72–84-бб.; *Чернуха В.Г.* Проблемы внутренней политики в русской публицистике 60–70-х гг. XIX в // *Общественная мысль в России XIX в.* Л., 1986. 132–158-бб. *Черкасова Н.В.* Формирование и развитие адвокатуры в России. 60–80-е годы XIX в. М., 1987.

²⁰ О судебной реформе в России в 1860-х гг., қараңыз: *Виленский Б.В.* Судебная реформа и контрреформа в России. Саратов, 1969; *Российское законодательство X–XX веков.* 9 томдык. Судебная реформа. 8-т. 497-б.

²¹ Бейресми теңгенің аты «Семейный». Таралымы 100 мың данадан кем емес. Бұл Ресейдің ең қымбат, бағалы нумизматикалық (ескі ақша), сирек кездесетін теңгесі.

Мұндай теңгенің каталог бойынша 1990 ж. басында бағасы 5 мың долларға бағаланады. Қараңыз: *Рылов И., Соболін В.* Монеты России и СССР: Каталог. Rylov I., Sobolin V. Russian and soviet coins: Catalogue. М., 1993. 126-б. Бұл каталогте I Николай, II Николай болып қате аталған.

²² *Ч.Ч. Валиханов.* Собр. соч. А-Ата, 1961. 1-т., 614-б.

²³ Бұл жағдайға, сонда да болса, бір жақты дегенмен К. Бейсембиев біршама назар аударды. Қараңыз.: *Бейсем-*

биев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана (революцияға дейінгі кезең). Алма-Ата, 1976. 121-б.

²⁴ Қараңыз.: Байтұрсынов А. Еще раз о народном суде // Ваше право: Еженедельное приложение к «Юридической газете». 1997. 17-қаңтар. 4-б.; Билер соты туралы. Қараңыз: Зиманов С. З. Казахский суд биев – уникальная судебная система. Алматы: Атамұра, 2008 – 224 с.; Он же. Казахский суд биев – общекультурная ценность. Алматы: Изд-во «Арыс», 2009. – 408 с.; Зиманов С. З. Полное собрание сочинений. 10 томов. Алматы: «Медиа-корпорация «ЗАН», 2009. X том. – 496 с. / Руководитель проекта – Сафинов К. Б.

Саяси және құқық жайлы Ш. Уәлихановтың саяси және құқықтық көзқарасының қалыптасуы. Қараңыз. Ударцев С. Ф. Он был источником научных идей // В кн. Гражданин и выдающийся ученый, академик Зиманов Салык Зиманович. Юбилейный сборник. Атамұра, 2001. 181-б.

²⁵ Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. 1-т. 514-б.

²⁶ Қараңыз.: Сонда, 496-б.

²⁷ Қараңыз.: Сонда, 499-б.

²⁸ Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. 4-т. 67-б. Ш. Ш. Уәлихановқа 1863 ж. 10-ақпандағы А. Н. Майковтың жауап хаты Н. Г. Ямпольскийдің кітабында басылған; Ежегодник рукописного отдела Пушкинского дома на 1975 г. Ленинград. 1977. 115–119-бб.

1917 жылдарға дейінгі Қазақстандағы діни білім. Қараңыз: Галиев В. З. Тюркская библиотека в Верном. Алматы, 2001.

Батысеуропашыл А. Н. Майковтың досына арнаған хатындағы ұсыныс Уәлихановтың Петербургке келуін, осында тұрып, арагідік далаға барып, ондағы мүмкін болатын істерді (мысалы гимназия ашып) дамытып, бұл уақыттар

ішінде ғылыми шығармашылыққа да мүмкіндіктің көп болатынын білдіреді.

«... Мен білмеймін, Сіздің, өзіңіздің жағыңызда не атқара алатыныңызды, – деп жазды ол 10-ақпан 1863 жылы. ...Бірақ өзіңізге және Еуропаға айтылмағандар көп! Ал, Ресей жөнінде айтудың да қажеті жоқ! Сіздің, өз халқыңызға пайдаңыз тигізуіңізге, кешіріңіз, Сіздің мүмкіншілігіңіз бар ма екен, оның ішінде, Сіз өз ортаңызда аса жоғары білімдісіз әрі ғалымсыз, бұған қоса, тіптен тәжірибесізсіз. Ең соңғы – бастысы. Орта жеп қояды. Ал Сіздің біреулерге әсер етуіңіздің өзі бола қояр ма екен. Ең жақсысы, істей алатыныңыз, далада гимназия ашуға әрекет жасаңыз. Егер де дворяндық бұған дайын болып қалса, онда Петербургтен әрекет ету қажет. Жалпы, менің түсінігім бойынша, Сіз осында болуыңыз керек. Қайтсеңіз де жаман жер, ештеңе істей алмайсыз, ісіңізді қалыптастырып үйден күнкөріске ақша алып тұратын болсаңыз, осында келіңіз. Егер де Сіз, сонда, Азияда қызметке тұрып қалсаңыз бір басқа, егерде Сіздің идеяңызбен Орта Азияның алдағы әрекеттері сәйкес келетін болса, онда халықтардың екі жақты пайдасына жүгінер еді. Бірақта, Сіз меніңше, мүлдем басқа бір жақта жүрсіз де, ешқандайлық әрекетпен шұғылданбайсыз.

Сіз бір жағынан философсыз ғой – сондықтан да менің, үй қызметіне пайдасы бола қояр ма екен деген күмәнім бар. Сіз, онда әзірге қажетсіз, яғни онда қарапайым шыныққан қозғалыс қана қажет, ал Сіз, қалай шыр көбелек болсаңыз да Еуропаға жатасыз. Шығыстың ғалымы бола тұрып, өзіңізге бүтін европаның білімділігі мен ғылымын бірге қосып жүрсіз, яғни сіз Европаны Азиямен таныстыруға міндеттісіз, ал Азияға әзірге, шындығында ештеңе істей алмайсыз. Азиямен Европаның арасындағы звено – Ресей. Сіз, бұған, өзіңіздің ақыл-ой қызметіңізге келетін майдан ретінде қа-

раңыз. Сіздің туған далаңызға сіз сықылды қайраткерді қажет ететін әлі уақыт келе қойған жоқ. Сіз, өзіңіздің жазбаңызда, өзіңіз не істеп жүргеніңіз жайлы айтуға ұстамдысыз, бірақ мен сіздің өміріңізді көріп тұрмын, досым менің! Көре тұра, сіз үшін терең қайғырамын! Маған күле көрмеңіз: Мен сізді шын сүйгенмін! Тек мен ғана емес!» 115–116-беттер.

Бұл жерде мынаны айта кету керек, қазақ қоғамының білімін орыс зиялылары бір жақты бағалады. Оған себеп, Батыс пен Шығыстың мәдени дәстүрі дін айырмашылығынан белгілі түрде байланыссыз еді, Қазақ балаларының білім алуы орыс тілінде емес, молдалар арқылы жүзеге асырылды. Демек, 1863 жылы молдалардан 1860 қазақ баласы оқыды. 1862 ж. Қазақстандағы «көшпелі бұратана» ресми деректе (екі жынысты бойынша) 184175 жан, яғни, 100 адамға оқитын бір оқушыдан келеді. Сол уақыттарда, мысал үшін, Қазақстандағы казактардың 11 далалық стационар мектебінде барлығы 210 бала оқыды. Казактар саны (екі жынысқа бөлгенде) 17582 жан, яғни 100 адамға 1,2 оқитын баладан келеді. Қараңыз.: Ресейдің географиясы мен статистикасына бас штабтың офицерлері жинаған материалдан.

Область сибирских киргизов. I б./Құраст: бас штабтың подполковнигі Красовский. Спб., 1868. 458–460-беттер.

Білім алудағы тым айтарлықтай айырмашылық орта және жоғары оқу орындарында басталды. Себебі, онда сабақтар орыс тілінде жүргізілді де оның кезекті жалғасы сол негізде алға қарай жалғастырылды.

²⁹ *Валиханов Ч.Ч.* Собр. соч. 2-т. 499-бет.

³⁰ *Сонда.* 494-бет.

³¹ *Сонда.* 496-бет.

³² Қараңыз: *Сонда*, 497-бет.

³³ *Сонда.* 511-бет.

³⁴ Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область сибирских киргизов. 1-т. / Құрас. бас штабтың подполковнигі Красовский. Спб., 1868. 406-бет.

³⁵ Милль Д.С. Система логики силлогической и индуктивной// Западноевропейская социология XIX века. О. Конт, Д.С. Милль, Г. Спенсер /Жалпы ред. басқ.В.И. Добренъков. М., 1968. 247-бет.

³⁶ Ш. Уәлихановтың бұл жағдайы құқық мектебі тарихы идеясымен ғана үндес емес, бірақ Д.С. Милльдің жазғанындай: «Біз ешқашанда бір халықтың немесе бір дәуірдің ұстанған белгілі мақсатын екінші бір халықтың немесе дәуірдің мақсатынан табуға болады деп нақ сеніммен айта алмаймыз: ол үшін тек біздің шарт, қайыра екінші дәуірдің немесе ұлттың жинақталған қорытындысының жағдайына әсер етуі үшін бірінші дәуірмен немесе ұлттағы болғандарды сол күйінде жүріп өтуіміз керек.» (Милль Д.С. Көрсетілген шығ. 247-б.).

³⁷ Қазақтың әдет-ғұрып құқығын зерттеушілер XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында дене жазасы жоқ-жұпыныларға қатысты кең етек алғанын бұл барлардың оларға қолданған шарасы екендігін атап көрсетеді. Қараңыз: Фукс С.А. Обычное право казахов в XVIII – первой половине XIX в. Алма-Ата, 1981. 113-б.

Қазақтың кәдімгі құқығының даму жүйесінің жоғары сатысы туралы зерттеулердің толық жарияланымдары туралы еңбектерді қараңыз.

Сондай-ақ қазақ биінің соты туралы халықаралық конференция материалдары: Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. / Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С. З. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. Алматы: Жеті жарғы, 2009. 10-том. 592 б.

Уәлихановтың әдет-ғұрып құқыққа көзқарасы. Қараңыз: Сонда: *Сапарғалиев Г.С.* О правовых взглядах Ч.Ч. Валиханова// Чокан Валиханов и современность. 129–139 б.

³⁸ *Таукелев А.Н.* Чокан Валиханов о понятии барымты // Чокан Валиханов и современность. 139-б.

Шоқан Уәлиханов СОТ РЕФОРМАСЫ ЖАЙЫНДА ЖАЗБА

³⁹ «Сот реформасы жайында жазбаны» Шоқан Уәлиханов Омбыда жүргенде жазды. Оны 1864 ж. 28-ақпанда аяқтаған. Бұл жұмыс бірінші рет шығыстанушы, Петербург Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Н.И. Веселовскийдің жариялауымен жарық көрді (әдебиетте Ш. Уәлихановты, Петербург университетінің академигі, тарихшы, профессор А.Н. Веселовскиймен жиі шатыстырады). 1904 жылғы «Записки Русского географического общества» (29-т. 151–178-б). Бұдан кейін ойшылдың бұл еңбегі бірнеше рет шығармалар жинағы мен таңдамалыларында басылды. Бұл Ш. Уәлихановтың шығ. жин.: 5 томдығының 1-т. басылып отыр/Редколлегия: *М. О. Әуезов, С.Б. Бәшиев, Ә.Х. Марғұлан* (жауапты ред.), С.М. Мұқанов, Қ.И. Сәтпаев. Алма-Ата, 1961. 494–513-бб. 1961 ж. басылымдағы «Сот реформасы жайында жазбалары» мәтінін дайындауда академик Ә.Х. Марғұлан қатысты. Оның басқаруында бұл шығармаға ескертулер дайындалды. 1961 ж. басылым бойынша, 1985 ж. ойшылдың шығармалар жинағы қайыра басылып шықты. (Қараңыз.: *Валиханов Ч.Ч.* Собр. соч. 5 томдық, 4-т. Алма-Ата, 1985. 402-б.).

1985 ж. басылымдағы мәтін жұмысын тағы да *Ә.Х. Марғұлан* дайындады. Ал, ескертулерге қосымшаларды енгізуге ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Б.Е. Көмеков қатысты.

(Қараңыз: Сонда. 6-б.). Осы басылымдағы түсініктеме қайыра дайындалды, бірақ оған мүмкіндігіне қарай шығармалар жинағындағы ескертулер ескерілді.

Бұрыштама белгілер қойылғандары бірінші басылымдағы жұмыстан қалып қойғандарға, бұл Н.И. Веселовскийдің (1904) және автордың сызғаны оны қол жазбадан қайыра қалпына келтірген Ә.Х. Марғұландыкі. Мәтіндегі шамалы өзгертулерге (үстеме) квадрат (шаршы) белгілері қойылды.

⁴⁰ Ш. Уәлиханов әкімшілік құрылым мен сот реформасының байланысын әділетті атап өтті. Осы кезеңдегі реформа туралы толық қараңыз.: Патшалық Ресейдің ішкі отарының ХІХ ғасырдың 60–90 жылдарындағы Қазақстандағы әкімшілік құрылым және құқық /Жеке параграфтардың авторлары: Г.С. Сапарғалиев, К.А. Жиренчин// История государства и права Казахской ССР /Жалпы ред. басқ. С.С. Сартаев. Алма-Ата, 1982. 121–152-бб. Қараңыз: *Жиренчин К.А.* Политическое развитие Казахстана в ХІХ – начале ХХ веков. Алматы. «Жеті жарғы», 1996.

⁴¹ *Яценко Иван Еремеевич* – Сібір қазақтарының облыс әкімшілігінің чиновнигі (Орынбор қазақтарының облыстық басқармасы), қазақ заңдарының жинағын құрастырушы комитеттің төрағасы болып тағайындалды. Осы мақсатта, қазақтың әдет-ғұрып құқығынан, құқық дәстүрі туралы жазбалар мен билердің байлардың, сұлтандардың пікірін біліп тану үшін далаға жол сапарға шығып тұрды. Ш. Уәлиханов, өзінің хатында Яценконың қызметіне сын көзбен қарап, оның нәтижесі қазақ халқының бүтіндей мүддесін бейнелей алмайтындығын көрсетті.

⁴² *Милль (Mill) Джон Стюарт* (1806–1873) – ағылшын философы, тарихшы, экономист және саяси ойшыл, ағылшын позитивизмінің негізін қалаушы. 1865–1868 жж.

– ағылшын парламентіндегі қауым палатасының мүшесі. Либерализм жақтаушысы, ал ол өзін революциялық күшсіз, бір қалыпты социализмнің жақтаушысы деп есептейді. Әйелдер мен ерлердің тең екендігін бірінші насихаттағандардың бірі. Ол Мемлекеттің экономикаға шектеулі араласуын еңбексіз табылған, ірі жеке меншіктікке шектеу қою идеясын дамытқан. Монархия түріндегі ұзақ биліктің қарсыласы, демократия, жеке адамның еркіндігін қорғау түріндегі көріністердің жақтаушысы. Саяси шығармалары, «О свободе», «Мысли о парламентской реформе» (1859), «Представительное правительство» (1861), «Угнетение женщин» (1869) және т.б. болып есептеледі. Милльдің көзқарасы Н.Г. Чернышевскийдің жұмыстары арқылы Ш. Уәлихановқа белгілі түрде әсер етті. Қазақстандық авторлар дайындаған таңдамалы шығармасының Мәскеу басылымында, Ш. Уәлиханов Милль жайлы айтқанда әкесі мен баласын ауыстырып ала берген деп қате түсініктегі кінәні артады. Қараңыз.: *Валиханов Ч.Ч.* Избранное. М., 1986. 381-б. Сірә, Ш. Уәлиханов ешқандай шатастыру жіберген емес.

⁴³ М.С. Бурабаев және Сегізбаев О.А. Ш. Уәлиханов бұл арада Милльдің ойын Н.Г. Чернышевскийдің бір жұмысы арқылы баяндау түрінде қайталап айтады деп әділетті байқаған. Қараңыз.: *Бурабаев М.С., Сегізбаев О.А.* Идейные связи общественно-философской мысли Казахстана и России (XVIII ф.-дың екінші жартысы – XX ф.-дың басы). Алма-Ата, 1986. 69-б.

⁴⁴ *Сперанский Михаил Михайлович* (1772–1839) – граф., орыстың мемлекеттік және саясат қайраткері және заңгер, реформатор XIX ғ. бірінші жартысында Ресей заңдарын жинақтап, бір жүйеге келтірген. І Александр патша болып тұрған дәуірдің бас кезіндегі либералдық мемлекетті қайта құру жобасының авторы, бас идеолог және көптеген заң

жобаларын жасаушы, императордың жақын кеңесшілерінің бірі.

1812–1816 жж. – жер аударылады. 1819–1821 жж. – Сібірдің генерал-губернаторы. 1 Николай патша кезінде – Ресей империясы заңдарының толық жинағын (1830 ж. дейін 45 томдық толық заң жинағы) және Ресей империясының жылнама заңдар жинағы оның басқаруымен шығарылған. Сперанскийдің басшылығымен «Устав о сибирских киргизах» дайындалып 1822 ж. маусым айында бекітілген. Сібір реформасын жасаудағы қызметкерлерінің ішінде оған ең жақыны декабристер қозғалысына қатысушы Г.С. Батеньков болды.

«Сібір қырғыздары туралы Жарғыны» дайындау жайлы, және оған берілген бағаны қараңыз.: мысалы: *Жиренчин К.Н.* Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX века. Алматы, 1996. 16–24-бб. Сондай-ақ: *О. Сперанский* жайлы қараңыз. *Чибиряев С.А.* Великий русский реформатор. Сперанскийдің өмірі, қызметі, саяси көзқарасы. М., 1989. Жарғының мәтінін қараңыз, мысалы: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей/Жалпы ред. акад. М.Қ. Қозыбаев. Алматы, 1996. 399–428-б.; *Войцеховский Е. И.* Устав о Сибирских киргизах 1822 года. Текст и комментарий. Алматы: ВШП «Әділет», 2004. – 94 с.

⁴⁵ Уәлиханов Ресейде 1830 жылдар аяғында өте кең тараған Шекспирдің «Гамлет» шығармасынан сөз қолданады. Реформа кезінде «Гамлеттің» еркін ойлылығы мен радикализмі жастарды қайыра белсенділікке тартты. «Гамлетпен» аға ұрпақтың еліктеуі. Қараңыз.: *Ударцев С.Ф.* Рукопись М.А. Бакунина «Гамлет» //Памятники культуры. Новые открытия: Ежегодник 1984. Л., 1986. 55–63-б. Қараңыз: *Левин Ю.Д.* Шекспир и русская литература XIX века. Л., 1988. Уәлиханов тағы да Гамлеттен фраза қолданады.

⁴⁶ *Бөкей (ішкі) ордасы* – Қазақ хандығы (1801–1876), орданың бірінші ханы Бөкей Нұралиевтің атымен аталады. Ол Еділ мен Оралдың аралығында, Ресейдің Астрахань губерниясының шекарасында орналасқан. Кейін келе Орал өзенінің жағалауына 5 мың отбасы орналасып, одан соң тағы бірнеше мың қазақ отбасы қоныстанды. Алғашқы кездерде олар жазғы жайлау есебінде пайдаланса, соңынан тұрақты қоныстарына айналдырды. (1803 ж. 7500 киіз үй болса, ал 1845 ж. әркілы ақпарлар бойынша 30 мыңнан 52 мыңнан асады). Қараңыз: *Зиманов С.З.* Образование Букеевского ханства// История Казахской ССР. Ежелгі дәуірден бізге дейін. 5 томдық. 3-т. Алма-Ата, 1979. 128–142-бб. Бұл да сол: Россия и Букеевское ханство. Алма-Ата, 1982.

⁴⁷ *Бұхара* – Бұхар эмираты (1747–1920) – Ортаазия мемлекеті астанасы Бұхар қаласы, бұрын осы атпен Бұхар хандығы болған. 1868 ж. Ресей империясына айтарлықтай кіріптар болды. Бұхарадағы азаттық идеясының өрістеуі қараңыз.: *Зиманов С.З.* От освободительных идей к советской государственности в Бухаре и Хиве. Алма-Ата, 1976.

⁴⁸ *Қоқанд* – Қоқанд хандығы (1710–1876). Бұхар хандығынан бөлінген – Орта Азия мемлекеті. 1860 жылдардан бастап Ресей империясы экспансиясының қарауылына айналды. 1876 ж. Фергана облысы есебінде империя құрамына енгізілді.

⁴⁹ Байкалдың арғы бетіндегі буряттарға буддизм XVII ғ. аяғынан бастап тарады. Діни тарихты зерттеушілердің айтуы бойынша, моңғол кезеңіне дейін буддизм Орта Азияның біраз жеріне айқын тарады. Қараңыз, мысалы: *Крывелев И.А.* История религий. 2-том. М., 1988. 349–351-б.

Уәлихановтың айтуы бойынша, буддизмге баға беру аса қызықты. Оның мінездемесі бойынша, әлемдік дінге көзқараста: буддизм, христианства, ислам.

⁵⁰ 1961 ж. басылымдағы түсініктеменің 499-б. төмен тұсындағы сөзге түсініктеме берілген. «Кәшірмешінің қатесі, негізінде «тамаша» деген сөз болу керек: «Бірақта, «Сот реформасы жайындағы жазбадан» мұндай айтулар басқа да жерлерінен кездесіп қалады. «Тамаша» сөзі одан бұрынғы абзацтарда да бар. Ш. Уәлихановтың өте жарқын стилист ретіндегі бір сөзді бірнеше қайыра қолдануы мүмкін емес сияқты. Мүмкін, бұл арада ол шындығында, қазақ халқының тамаша әдебиетіне тек қазақ әдебиетінің ешқандай баға беруді қаламауы тек, қазақ әдебиетінің сұрапыл дамитын табиғи сипатының түрін көздеуі.

⁵¹ Бұл сәтте Ш. Уәлиханов Қазақстан тарихына творчестволықпен философия тарихының концепциясын (тұжырымдамасын), әсіресе Н.Г. Чернышевскийдің «Критика философских предубеждений против общинного владения» т.б. 1850–1860 ж. ойшылдардың жұмысын қолданды. Қараңыз: *Чернышевский Н.Г.* Избр. филос. соч. 2-т. М., 1950. 457-б. және басқалар.; *Дюков Л.В.* Чокан Валиханов как последователь Н.Г. Чернышевского // Ученые записки КазГУ. 49-т. Сер. юрид. Вып. 6. Алма-Ата, 1960. 74–75 б.; *Бурабаев М.С., Сегизбаев О.А.* Идейные связи общественно-философской мысли Казахстана и России (XVIII ғас. екінші жартысы – XX ғасырдың басы). 80-б.

⁵² *Округтік бұйрық* (приказ) – XIX ғ. Қазақстандағы мемлекеттік биліктегі жергілікті алқалық орган әкімшілік, полицей, сот және түрлі функцияларға бөлінген. Округтік бұйрық төрағасы аға сұлтан (старший султан) болып табылады. Ол үш жылға сұлтандардың және облыс бастығының бекітуімен сайланады. Округтік бұйрықтың осы кезеңдердегі полицей сот билігі, сондай-ақ, Қазақстандағы болыстық және ауылдық басқармалар. Қараңыз, мысалы: Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами

генерального штаба. Область сибирских киргизов. 3-бөлім. /Құрас. бас штабтың подполковнигі Красовский. Спб., 1868. 174–184-б.

⁵³ *Орыс заседательдері* – округтік бұйрықтың мүшесі. Екі заседательмен қоса – бұйрық мүшелері, бұл «сыйлы казактардан» таңдап алынады, мүше болған екі орыс чиновнигін облыс бастығы тағайындайды.

⁵⁴ *Сотников* – А. Сотников (1845 ж. өлген) губерния хатшысы. Қазан университетінің шығыс факультетінде оқыған. Сібір қырғыздарының шекара басқармасында жұмыс істей жүріп, қазақ халқының аңыздарын, құқықтық әдет-ғұрпын (кейбір құжаттарда «Заңшы Сотников» аталынып кеткен) жинаған. Уәлихановтың ауылында да болған. Қараңыз, мысалы: Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова: (құжаттар жинағы). Алматы, 1996, 268-б.

⁵⁵ Қазақ халқының аты және шыққан тегі туралы кейбір мағлұматтың түрлері. Қараңыз, мысалы: *Валиханов Ч.Ч.* Собр. соч. 4-т. 403-б. (түсініктеме 11); *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких, орд и степей. 135–155, 431-беттер. (түсініктеме) т.б. Левшин көңіл аударып, көрсетуінде тіпті Фирдоуси тұсында (940–1020 немесе 1030 жылдар аралығы) «История Рустема» қазақ халқы және қазақ хандары еске алынып айтылады. (152-б.); Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область сибирских киргизов. 1-б. 13–20-бб. *Ибрагимов С.К.* Еще раз о термине «казах» // Қазақстанның көне және орта ғасыр тарихындағы жаңа материалдар: Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының еңбектері. 8-т. Алма-Ата, 1960; *Кумеков Б.Е.* //Образование казахской народности//История Казах-

ской ССР с древнейших времен до наших дней: 5 томдық. 2-т. Алма-Ата. 1979. 251–255-бб.; О происхождении казахов//*Асфендияров С.* История Казахстана (с древ. времен) Алма-Ата, 1993. 91, 93 т.б. бб.; Казак: слова и этноним // *Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата. 1992; *Амрекулов Н., Масанов Н.* Казахстан между прошлым и будущим. Алматы, 1994, 180–184-бб.; *Нуров К.И.* Правовая и экономическая модернизация традиционной структуры Казахстана (XIX–XX ғғ.) Алматы, 1995. 2-тар., 1-бөл.; Казахи: Тоғыз томдық жалпыға түсінікті анықтамалық. Алматы, 1998, (оның ішінде: 9-т. Библиография). История Казахстана: народы и культуры/ Масанов Н.Э. т.б. Алматы: Дайк Пресс, 2001 (1-бөлім, 1–3-тар.).

⁵⁶ Дәлірек – *қаракесек* руы – бірнеше рулардың басын қосқан арғын тайпасынан тарайды. Ежелден бері Қарқаралы даласын мекендеген, шығысында Ертіс, батысында Сарысу мен Мойынты өзенінің су айрығына дейін, оңтүстігінде Балқаш көлімен шектеседі. Қараңыз: *Валиханов Ч.Ч.* Собр. соч. 4-т. 403-б. Қазақ жұртшылығының 1860 жылдардағы мағлұматы бойынша руға бөлінуі. Қараңыз: мысалы: Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область сибирских киргизов. 1-б. 13–20-бб. Бұл да сонда. 1-бөлім. 329–386-бб. Сондай-ақ қараңыз: *Амрекулов Н., Масанов Н.* Казахстан между прошлым и будущим // *Масанов Н.* Казахская политическая и интеллектуальная элита: клановая принадлежность и внутриэтническое соперничество// Вестник Евразии (ғылыми тәуелсіз журнал) (Москва). 1996. № 1. 47–50-беттер.

⁵⁷ *Қазыбек би* (1667–1763) – Қазақтың атақты биі. Тәуке хан тұсында жеті бидің қатарында әдет-ғұрып құқығы жайында «Жеті жарғы» заңдар жинағын құрастыруға қа-

тысқан. Белгілі «Кеңес» «Ханабад» маңына жақын жерде Сырдария облысына қарайтын Энгрен өзені жағасындағы Құлтөбе басында шақырылған. Қазыбек би Йассауи кесенесінде жерленген. Қараңыз: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких, орд и степей. 165, 497 б.; *Усеров Н.* Исследование правового памятника «Жеті жарғы»: Автореф. дис. ... заңғыл. канд. Алма-Ата, 1977. 18-б. Қараңыз: *Созақбаев С.* Тәуке хан. Жеті жарғы (танымдық әдебиет). Алматы, 1994; *Гиздатов Г.* Бии Казахстана. Қазыбек Келдебек ұлы // Фемида. 1996. № 5. 26–28-б.; Қазыбек би. Энциклопедия / Гл. ред. Н. Дулатбеков, отв. ред. М. Хамзин. Караганды: «Болашақ – Баспа», 2013. – 696 с.

⁵⁸ *Қаржас руы* – қазақ руы. Қарағандының шығысында Баянауыл тауының оңтүстік, оңтүстік батысын ала мекендеген. Қараңыз: *Валиханов Ч.Ч.* Собр. соч. 4-т. 403-б.

⁵⁹ *Әбілқайыр* (1693–1748) – Қазақтың Кіші жүзінің (1710 ж.) ханы. Жоңғарлардан қорғану соғысы кезінде қазақтың бүкіл жасағын басқарған. Оңтүстік Қазақстанды, жоңғарлар алғаннан кейін, Ресей өкіметінен көмек алу жолдары жөнінде және Кіші жүздің Ресей қол астына көшуіне келіссөз жүргізген.

Қазақ хандары жайлы. Қараңыз, Мысалы: *Султанов Т.И.* Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы: Дайк-Пресс, 2001; *Ерофеева И.В.* Казахское ханство и власть в традиционном обществе казахов // *Масанов Н.Э.*, и др. История Казахстана: Народы и культуры. Алматы: Дайк-Пресс. 2001. 113–190-беттер.

19 қаңтарда 1731 ж. әйел император Анна Иоанновна Әбілқайыр ханға және де «бүкіл қазақ халқына» Ресей қол астына өткендігі туралы грамотаға қол қойды. 7-қазан 1731 ж. бұл грамота оның резиденциясында Әбілқайырға тапсырылды.

⁶⁰ *Төле би* – Төле би Әлібекұлы (1663–1756). Қазақ халқының Ұлы жүзінің атақты биі. Жүздердің бірігуі кезінде ол жоғарғы судья міндетін атқарды. Хандық тарағаннан кейін Орта жүзді басқарды. Ол қазақтың ежелгі құқығын жетік біліп, ажырата алатын білгір әрі «Жеті жарғы» заң жинағын құрастыруға атсалысқан. Қараңыз: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. 165, 172, 173, 486, 487, 620-беттер. Қараңыз: *Мыңбатырова Н.Қ.* Төле бидің соттық шешімдері және қазақтың әдет-ғұрып құқығы: Автореф., Алматы, 2003. *Узбекулы Сакен.* Хан Тауке и правовой памятник «Жеті жарғы». Алматы: Өркениет, 1998. 80–84 бб.: *Султанов Т.И.* Поднятые на белой кошме, Потомки Чингиз-хана. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 233–239-бб. (Г. Спасский, А. Левшин мақалалары); Қазақ дәстүріндегі құқық жайында қараңыз: *Алимжанов А.К.* Обычное право и другие формы права// Науч. труды КазГЮУ. 1-шығ., Алматы: КазГЮУ, 1999. 103–188-бб.; Қазақтың Ата Заңдары. Мат. құжат. зерттеулер. 10 томдық. 1-т., Алматы: «Жеті жарғы», 2001; *Бұл да сол.* 2-т. Алматы: «Жеті жарғы». *Абайдельдинов Е.М.* Соотношение международного и национального права РК (проблемы становления приоритетности). Алматы: Қазақ университеті, 2002; *Өзбекұлы С.К.* Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. Монография. Алматы: Мектеп, 2002; *Путинцев А.* Қазақтың заңдары туралы / Құраст. аударған Қ. Әлімжан. Алматы: «Интерлигал» КСКЗ ҚҚ, 2014. – 40 б.

⁶¹ *Әйтеке* – Әйтеке би Байбекұлы (1682–1766). Қазақтың белгілі биі, Кіші жүзді басқарған. Тәуке хан тұсында «Жеті жарғы» заң жинағынан құрастыруға қатысқан. Қараңыз: *Левшин А.И.* Описание киргиз, или киргиз-кайсацких, орд и степей. 165-б.; *Гиздатов Г.* Би Казахстана. Айтеке би // Фемида. 1996. № 10. Қараңыз: Айтеке би/Құраст.: Г. Бельгер, М. Ақдаулетұлы. Алматы: Атамұра. 1998.

⁶² Бұл арадағы ескерілетіні Положение Сибирского комитета «О распространении киргизов Сибирского ведомства общих законов Российской империи» 19 мамыр 1854 ж. сот құрылымы және сот ісін жүргізу ережесіне байланысты. Қараңыз: *Жиренчин К.А.* Политическое развитие Казахстана в XIX–XX века. 33-б.

⁶³ *Кенесары Қасымов* (1802–1847) Қазақтың көрнекті ықпалды сұлтаны. Орта жүз ханы. Абылай ханның немересі. 1837–1847 жж. халық-азаттық қозғалысының басшысы. 1841–1845 жж. аралығында көтерілісшілердің саны 20 мыңға дейін жетті. Қараңыз: *Галиев В.З.* Движущие силы народно-освободительной борьбы под предводительством Кенесары Касымова: Тарихи очерк// Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова. 16-б. Подполковник Красовский 1860 жылдары Қазақстан және оның бай тарихы туралы анықтамалар жинаған. Ол Кенесары Қасымовтың асқан рөлін, жеке басының ерекшелігін бағалай келе: «бізге бағынатын даланың алдағы ісі, егерде Кенесары Қасымов тірі жүрсе белгісіз болған болар еді», деп мойындаған. Қараңыз: Материалы для географии и статистики России собранные офицерами генерального штаба. Область сибирских киргизов. 1-бөлім. 107–108-беттер.

⁶⁴ *Уильям, Шекспир* (1564–1616). Англияның ұлы ақыны және драматургі, Шоқан Уәлихановтың ең сүйікті жазушысы. Қараңыз: *Левин Ю.Д.* Шекспир и русская литература XIX века. Л., 1988. Сондай-ақ, қараңыз: *Диденко А.* Шекспир и право. Алматы. 1995.

⁶⁵ *Гете, Иоган Вольфганг* (1749–1832). Немістің ұлы ақыны жаңа ағымдағы неміс әдебиетінің негізін салушы. Оның Ресейдегі даңқы жайлы қараңыз: *Жирмунский В.М.* Гете в русской литературе. Л., 1982.

⁶⁶ Красовский, – былай деп жазды: «Қырғыздар билердің ауыл ішіндегі барлық сот ісіне жиналуды жақсы көреді, сол күні, сол істі соттың қатысуымен талапкердің (даугер) есебі шешіп, оның төлемін белгілеп, жауапкерге төлетеді.

Осындай істердің шешілуіне барлық уақытта қатысуды ұната отырып, өз жұмысын жинап қоятын қырғыздардың ашық сот ісіне шын ниетімен берілетіндігіне тәнті боласыз, осы істің ұзаққа созылмай, әділетті, көпшілікке, халыққа түсінікті түрде болып, бюрократиялық элементтерді айналып өтетіндігіне негізделгенін ұғынасың. Бұдан басқа, мұның өзі қарапайымдылығымен қымбатқа түсетін әкімшіліктің мүмкіндігін аулақтатады. Осыдан, бізге бағынышты бұл халық, өздерінің іс жүргізуін, біздің іс жүргізу құрылымымыздан артық деп есептейді». Қараңыз: Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область сибирских киргизов. 3-бөлім. 81–82-б.

⁶⁷ *Блекстон* – Блэкстон (Blackstone), Уильям (1723–1780). XVIII ғасырдағы белгілі ағылшын заңгері, Оксфорд университетінің құқық бойынша бірінші профессоры, ағылшын құқығы жайлы танылған білгір, төрт томдық «Комментариев к английским законом». («Commentaries on the Laws of England») (Оксфорд, 1765–1769). Әр түрлі элементті салмағы бар идеяны үйлестіруші әрі дамытушы және Англияға қатысты ең оңтайлы мемлекет тұрпатын (формасын) (монархиялық аристократтық, демократиялық) біріктіруді бастаушы. Оның құқықтық пікіріне табиғи-құқықтық пен тарихи құқық мектебінің элементтері қатысты болып келеді. Саяси көзқарасы бойынша бірыңғай консерватор.

⁶⁸ *Гнейст* (*Sneist*), *Генрих Рудольф Герман Фридрих* (1816–1895) – немістің белгілі ғалым-мемлекеттанушы, публицист, Берлин университетінің профессоры. Ресейде

оның аты, әсіресе, «Englische Verfassungsgeschichte» – История государственных учреждений Англий» (М., 1985) атты кітабы аударылып, басылғаннан кейін танымал болды. Неміс заңгерінің бұл кітабы орыс қоғамының ағылшын мемлекеті құрылысының тұрпатымен танысуына белгілі түрде рөл атқарды. Қараңыз, мысалы: *Мартьяшин О.В.* Исследования истории государства, права и политической мысли Англии в Советском Союзе // История права: Англия и Россия / Жетекші автор: *В. Нерсисянц, У. Батлер.* М., 1990. 201, 203-беттер.

⁶⁹ *Комт (Comte), Шарль* (1782–1837) – Француздың – құқықтанушы ғалымы және публицист екі томдық «Практика о собственности» кітабының («Traite de la propriete») авторы. (1-т. Париж, 1834). Жерге феодалдық жекеменшік орнатуға қарсы шығып жеке меншіктікке ие болғандардың шексіз құқығына бүтіндей сынай қарағанда (мемлекет пен оның басшысының) ағартушылық тұтас еркі жердің және жер иелерінің қамқорлығына бөленіп, ол халықтың гүлденуіне оның тұрмыс жағдайының жақсаруына қызмет етуі қажет деп есептеген.

⁷⁰ «Русская Правда» – орыс құқығының көне жазба ескерткіші. «Русская Правда көптеген ғасырлық эволюцияға ұшырады. Ол негізгі төрт редакциясымен белгілі: ежелгі қысқаша редакция бөлімі ол – (Правда Ярослава Мудрого), қысқаша редакциямен (Правда Ярослава и Ярославичей – сыновей Ярослава Мудрого), толық редакциясымен Владимир Мономах кезеңі және соңғы қысқарған редакциясы. «Русская Правданың» көне жазба бөлімі XI ғ. жатады. Кейбір мағлұматтарда VII–VIII ғғ. дейінгі кезеңді қамтиды).

«Русская Правданың» қысқаша редакциясын В.Н. Татищев ашқан. Толық редакциясы бірінші рет 1788 жылы, кейін қысқартылып 1846 ж. басылып, жарық көрді. Қысқар-

тылған және толық редакциясы туралы қараныз, мысалы: Х–ХХ ғғ. Российское законодательство. 9-т. /Жалпы ред. *О.И. Чистяков*. Законодательство Древней Руси. 1-т. /Жауап. шығ. *В.Л. Янин*. М., 1984. 28–132 -беттер.

⁷¹ Бұл жағдайды Красовский де белгілеп көрсетті. Ол қазақ сотында билердің атқаратын басты негізгі рөлін былайша бөліп алды:

1) Сот тек халық қатысқанда не ең кемі үш куәгер отырғанда ғана жарамды болады.

2) Әйел заты және кіріптар адам куәгерлікке қатыстырылмайды. Отбасы басы қылмыс жасаса, оған жауап беруден жоғарыда аталғандар түгіл оның ұлдары мен інілері де босатылады.

3) Іріктеліп алынған судьялар (билерді), тең куәгерлер басына іс түскен екі жақпенен келісіп алынады. Талапкер мен жауап берушінің бірі өзінің ісіне қатысатын судьяның біріне көңілі толмайтыны болса, онда ол оны халық алдында ашық айтады. Мұндай сәтте аты аталған бидің жиынға сөз (шешімі) жүрмейді.

4) Екі жақтың келісімімен қалап алынған судьялар болса, олардың үкімдері қасиетті болып есептелінеді. Бұл үкімге мойынсұнбағандар қауымнан (қоғамнан) қуылған болып қаралады. Судья билігінің маңыздылығын арттыру үшін, сол арадағы куәгерлердің көзінше үкімді мүмкіндігінше шұғыл орындатады.

5) Егер де бір жағы сотты қаласа, екінші жағы қаламайтын болса, онда бірінші жағы беделді билермен, өздерінің үлкендерінің келісімі бойынша, барымта алуға құқықтары бар. Сот шешімінен кейін, екінші жақ өздерінің сотпен куәгерлер жайлы айтқаны ескерілмеген деп ұйғарса, онда сот ісі дұрыс қаралмаған болып табылады. Бұл кезде бұрынғы қалыптасқан ұйғарымнан басқа, оған ең басты соттың заңды негізіне ереже қосылады.

6) Судьялар қылмыскерге өлім жазасын белгілеген болса, туысқандары оның өмірін сақтағысы келмесе не өлім жазасынан ақтап ала алатындай айыпты төлей алмайтын болса, өлімге кесілгенді екінші жаққа береді, екінші жақ оған жаза қолданып, өлтіргеннен кейін, оның денесіне ешқандай ерекше дақ түсірместен туған-туысқандарына қайтарады. Бұл арада егерде өлім жазасы Орта жүзде жүзеге асатын болса, ол дарға асылып немесе тұншықтырылып өлтіріледі...

7) Судья айыпталушының жағдайы қандай болмасын, істің қандайлық екендігіне қарамастан барлық уақытта талаптың белгілі төлем бөлігінің бірін алып отырған. Ол даланың қай бөлігінде жүргізілетін іске де байланысты болған. Бұнда әркімнің ауқаттылығы да басты рөл атқарады. Сотқа берілетін сый да жаза түріне байланысты жүз қойдан, 10–20 жылқыға дейін барады.

Жоғарыдағы ережелер негізінен ежелгі сот ісін жүргізуге жатады. Ал соңғы екі пункт бүгіндері ешқандай мағынаға ие емес. Тек қана бесінші пункттегі барымта ғана біздің жауапқа тартатын заңымызға келеді, ал алтыншысы ешқандай қосымшаны қажет етпей-ақ, қылмысты іс ретінде жалпы мемлекеттік заңдармен шешілуі қажет.

4 пункттің, біріншіден, қырғыз соты құрылымы екендігі белгілі, ол орыс заңдарымен сәйкес келмейді... Мысалы, жасырын түрде, әдейі жасалынған қылмысты біздің заңымыз қатаң қудалауға алмайды, ал қырғыздар кейбір кездерде қудалайды; біздің чиновниктер қылмысты ашу үшін оған барлық қатысы бар дегендерді түгелімен тексереді. Қырғыздар сот ісіне әйелдер тіптен қатыстырылмайды. Оның ішінде қылмыскердің әйелі мен балалары да бар. Себебі, олар әкелерінің, не күйеулерінің қылмысын кімге болса да айтпайды

деп есептейді. Біле отыра қылмыс жасырса, тексеру кезінде бұл жағдай ашылса, онда оны біздің заңымыз кім болса, ол болсын қылмыс деп қарайды. Қырғыздар болса ағайындарын, не әкелерін түкпірге тығып ұстап, қылмыс ісі ұмытылғанша оны жасырады.

Мұны олар құқық бұзушылық демей, қайта жақсы адам деп бағалайды, егер де туған-туыскандары не бөтен басқа бір адам қылмыскерді көрсетсе оны бүкіл халық алдында қарғыспен жазалайды» / Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область сибирских киргизов. 3-бөлімі. 84-бет.

⁷² Осы сөздердің тұсына автор белгілер қойған, сірә, түсініктеме не қосымша енгізбекші болған.

⁷³ Уәлихановтың барымта жайлы тұжырымдамасы, – деп жазды А. Н. Таукелев, – оның құқық жайлы басқа да идеяларымен қоса, қазақтың тарихи-құқықтық ойына қосылған үлесі болып, ғалым Ресей халықтарының саяси-құқықтық тарихының ілімінен көрнекті орын алады. Қараңыз: *Таукелев А.Н. Чокан Валиханов о понятии барымты//Чокан Валиханов и современность. Ш.Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жылдығына арналған Бүкілодақтық ғыл. конф. жин. мат. Алма-Ата, 1988. 140-б.*

⁷⁴ *Жәмшік міндеттілігі* – мемлекет қажетті үшін Ресей шаруаларының орындайтын міндеті (Әкімшілік адамын, жүктерді т.б. тасымалдау) лау, аттар мен ат айдаушыларды қамтамасыз етеді немесе оның орнына жәмшік ақшасын төлейді. Мұның барлығы жәмшік бұйрығында қаралған, дуан басы осыған байланысты, шұңқыр – байланыс станциясының орнын дайындайды, 16-ғасырдан 18-ғасырдың басына дейін қалыптасқан бұл шара, арақашықтығы орасан жерлерге, әсіресе Сібірдегі ауыл тұрғындарына аса ауыртпалық болды.

⁷⁵ *Исправник* – уездік полицияның бастығы. Бұл қызмет иесін 1862 жылға дейін дворяндар сайлады, одан кейін үкімет тағайындады. «Исправление», «исправитель» сөзінен шыққан.

⁷⁶ *Суннит тармағы* (суннизм) – ислам дінінің негізгі екі бағыты бар, оның бірі шииттер. Сунниттер ислам бағытында көптеген елдерге тараған, оны жақтаушылар аса көп.

⁷⁷ Мұсылман құқығы жайлы қараңыз, мысалы: *Баишев Ж.* Основные принципы исламского права, теория доказательства и система наказания. Алматы, 1966.

^{77a} Патша үкіметі қазақ даласына христиан дінін таратудан еш нәтиже шығара алмаған соң ислам дінін таратуды қолға алды. Бұл іске шала сауатты татар молдалары мен Орта Азиядан шыққан радикалды дін уағыздаушыларын пайдаланды. Шоқан Уәлиханов мұндай саясатқа қарсылық білдірді. Ол қазақ даласын Орынбор муфтиятының қол астынан шығарып алып өзінің діни әкімшілігін құрып, оны жергілікті халықтың өз молдаларының қолына беру керек деп есептеді. Анығырақ *Абдильдин Ж., Абдильдина Р.* Чокан Валиханов – великий ученый и мыслитель. Астана: Фолиант, 2015. – 192 с. – С. 111–127 еңбегін қараңыз.

⁷⁸ *Ишан* – Азиядағы софылардың құрметті жетекшісі. Суфизм туралы қараңыз., мысалы: *Идрис Шах.* Суфизм. М., 1994.

Қараңыз: Суфии: собрание притч и афоризмов /Сер: «Антология мысли» М.: Изд-во. ЭКСМО-Пресс, 2001.

⁷⁹ *Қожа* – мұсылман жолындағы дін адамына берілетін құрметті атақ.

XIX ғ. Орта Азияда қожа – Әлидің Мұхаммедтің қыздары – Фатима мен Зейнабтан некеден туған ұрпақтарын есептемегенде, төрт Әділ халифтен таралғанына талап қоятын адам. Қожа – сондай-ақ ходжаған сопылық орденінің

мүшесі. Ш. Уәлиханов бұл жағдайда терминді кең мағынасында қолданған болса керек.

⁸⁰ *Мансұров Мұхаммед Шериф* – пайдакорлық мақсатпен өзін ең соңғы пайғамбармын деп жариялаушы.

⁸¹ *Мұрид* – мұсылманшылық құдай сөзін көрнекті уағыздаушының шәкірті, сопы. Ол ешқандай мүдіріссіз жетекшісінің еркіне бағынады, жиі тәубеге келіп құлшылық жасап отырады.

⁸² Ш.Ш. Уәлиханов бұл арада, сірә, сол кездегі кең тарап жүрген «Қараңғылық патшалығы» деген ұтқыр сөзді қолданып отыр. Бір жағынан осы сөзді А. Н. Островскийдің «Гроза» (1860) шығармасынан немесе белгілі сыншы Н.А. Добролюбовтың «Темное царство» (1859) мен «Луч света в темном царстве» (1860) атты мақалаларынан алды. Н.А. Добролюбовтың саяси-құқықтық көзқарасы туралы қараңыз., мысалы: *Скритилев Е.А.* Добролюбов. М., 1988.

⁸³ *Муфтий* – мұсылман-сунниттердің ең жоғары дін қызметкері.

⁸⁴ *Березин, Илья Николаевич* (1818–1896) – орыстың белгілі шығыстанушысы, Шығыс елдерінің тарихы, археологиясы, географиясы, филологиясы жайлы жазылған көптеген еңбектердің авторы. Қазан университетінің (1846–1855) және Петербург университетінің (1855 жылдан) профессоры. Мына кітаптардың авторы: «Путешествие по Востоку» (2-т., 1849–1853 жж.) «Исследование диалектов мусульманских народов» (2-бөлім, 1848–1853) «Турецкая хрестоматия» (3-т., 1857–1850) т.б. Қараңыз: *Масанов И.Ф.* Словарь псевдонимов русских писателей, ученых и общественных деятелей». 4-т. М., 1960. 63-б.

⁸⁵ Сірә, мына мақала алынған: *Березин И.* Мусульманская религия о отношении к образованности// Отечественное записки. 1855 г. 98-т., 2-бас.

⁸⁶ *Птоломей (Птолемей) Клавдий* (II ғ.) ежелгі гректің атақты ғалымы, астроном, математик, географ, оптик, георталық әлем жүйесін жасаушы. Қозғалмайтын жер шарының айналасындағы қозғалып жүрген ғаламшарлардың математикалық теориясын жасады. Тригонометрияны қолдану тәсілімен олардың әрекеттерін болжады. Ең басты еңбегі – «Великое построение» ал «Альгамест» деген атпен ежелгі астрономия энциклопедиясы ретінде белгілі болды. Географиялық еңбегінде жер бетінде 8 мыңға жуық пунктті, т.б. белгілеп, көрсетті.

⁸⁷ *Юркевич, Памфил Данилович* (1827–1874) белгілі діндар философ. Киевтің діни академиясын бітірген (1851). 1858 жылдары Киевтің діни академиясының төтенше профессоры, ал 1861 ж. өмірінің соңғы кезіне дейін Москва университетінің профессоры. Философия тарихынан, логика, психология, педагогика курстарынан дәріс оқыды. Юркевич материализмді сынға алған оқымысты. В. С. Соловьевтың ұстазы болды. Юркевичтің материализмді дәлелді сынауы оның өзіне радикалдық-демократиялық және солшыл либералдық топтардың теріс көзқарасын туғызып, оған реакционер деген атақ таққан. Г.В. Флоровскийдің пікірінше, Юркевич, «логикалық дәлдікпен мистикалық талаптылықты біріктіре білді. Қараңыз: О России и русской философской культуре. Философы русского послеоктябрьского зарубежья. М., 1990. 280-б. Сондай-ақ қараңыз: *Юркевич П.Д.* Философские произведения. М., 1990; *Зеньковский В.В.* История русской философии. 1-т. Париж, 1948. 319-б.; *Лосский Н.О.* История русской философии. М., 1994. 82–83-беттер.

⁸⁸ *Пуританизм* (Лат. Puritas – тазалық – деген сөзі) Англиядағы XVI–XVII ғғ. Кальвинизм жолын қушылар, Реформаны жоғарыдан тереңдетудің жақтаушылары, абсо-

лютизмнің және тұрмыстағы байлықты шашып көрсетудің қарсыластары; пуритандықтар үйреншікті сөздерінде қатаң өмір бейнесін ұстайды. Қатаң мінезділікті сақтайды.

⁸⁹ *Шәмил* (1797–1871) – Дағыстан мен шешеннің үшінші имамы, колониализмге қарсы Кавказ халықтарының азаттық күресі жолындағы көсемі. Дініне сену жолында қасиетті газат соғысы ұранын көтеріп, оны жүргізуші. Орыс әскеріне қарсы 25 жыл бойы соғысты басқарған. Бірнеше жеңілістен кейін 1859 жылы тамызда берілуге келісім берді. Отбасымен бірге Калугаға жер аударылып, онда 1870 жылға дейін тұрды. Одан кейін Меккеде тұруға ұлықсат етілді. 1871 ж. Мединада қайтыс болды.

⁹⁰ *Горацій* (Horatius) – Квант Гораций Флакк (б. э. д. 65 жылдары, біздің эрамыздың 8-жылдарында өмір сүрген) – ежелгі римнің ақыны, сатиралық, лирикалық және философиялық шығармалардың, сонымен қатар «Наука поэзии» атты әдеби ғақлияның авторы. Юрий Цезарь өлтірілгеннен кейін Римде азамат соғысы басталып, ол республикашылдар жағында күресті. Қайта өрлеу дәуірінен бастап, ежелгі дүниенің ең даңқты ақыны болды. Қараңыз: *Горацій // Античная лирика*. М., 1968. 370–426-беттер. Уәлихановтың ақынның Лигурин жеткіншекке арналған дәріптеу махаббатын ескеруі.

⁹¹ Орта Азияда белгілі «Мырза Хамдаму жайындағы хикаяны» айтып отыр. Қараңыз: Өзбек ССР ҒА-сының Шығыс қолжазбалар жинағы, 2-т. 1954. 417-б.

⁹² *Әмір Мір-Хайдар* – маңғыт әулетінің бұхар әмірі (1799–1826)– Бұхар әкімшілігінің хандары (1753–1920 жж. революция жылдары құлатылды), әмір Шах-Мұрадтың баласы мұрагері (1785–1899).

⁹³ *Әбу-Мүсілім* – (Абд Рахман әл-Марузи) (727–755 жылдар аралығында) араб халифатының Омейядтар (661–750)

әулетіне қарсы қозғалыс жетекшісінің бірі. 747–750 жж. Халифаттың шығыс облысында басталған көтерілістің көсемі. Көтерілістің нәтижесінде Омейядтар құлатылып, оның орнына билікке Аббас әулеті келді. (750–1258), Аббас Мұхамедтің ағасы. Әбу-Мүсілімнің ерлігі мен оның өмірі жайлы Орта Азияда кеңінен тараған поэмалар мен аңыздарда көрсетілген. Ол Халиф әл-Мансұрдың бұйрығы бойынша өлтірілді. Себебі, Халиф, әл-Мансұрдың ел арасында өсіп келе жатқан ықпалынан қорыққан еді.

⁹⁴ *«Емі сенікі, сүйегі менікі»* – деген ұғыммен балаларды молдаға оқуға бергенде, молда оларға күш көрсетуге құқық алады.

⁹⁵ *«Северная Пчела»* – 1825–1864 жж. аралығындағы (Санкт-Петербург) орыстың саяси және әдеби газеті 1831 жылға дейін аптасына үш рет, одан кейін күнделікті шығып тұрды. Газет редакциясы монархияны біртіндеп жүргізудің бағытын ұстанды. Газеттің бұрынғы консервативтік және кертартпалық бағыты ІІ Александр реформасынан кейін өзгере бастады.

⁹⁶ *Бабажанов, Мұхаммед-Салық* (1832–1871) – қазақ этнографы, географ, ағартушысы Бөкей ордасында туған. 1861 жылдан Орыс географиялық қоғамының мүше-қызметкері. Бұл саладағы еңбегі үшін 1862 жылы күміс медальмен наградталған. Ол туралы қараңыз: *Ивлев Н.П., Масанов Н.Э.* Видный казахский ученый – М.С. Бабажанов // Вестник АН КазССР. 1982. № 11.

⁹⁷ *Түтін басы салығы* – әр үйдің (киіз үйдің) басына салынатын салық. Түтін басы үйге балшықтан, саманнан тұрғызылған лашықтар да жатқан.

⁹⁸ *Көтерме* – салық түрі. Ресейде XVI–XVIII ғғ. шаруалар үйінің түтінінен үй басынан алынған. Бұл Ресейдің жергілікті шаруашылығына пайда үшін жиналған.

⁹⁹ *Жасақ* (ясақ) – заттай төленетін салық. Солтүстіктерде аң терісімен төленді. Қазақстанда малмен берілді. «Сібір қырғыздарының жарғысында» салықты еркімен алғашқы бес жыл бойы мектептерге, ауруханаларға, қайырымдылық мекемелеріне және сұлтандарға малдай немесе ақшалай, заттай беру көрсетілді. Бұл мерзім аяқталған соң жыл сайын жасақ жүз басқа бір бастан жиналады. Түйеден жасақ алынбады. (§ 135) «жасақ алғанда мүйізді қаралар ауру-сырқаусыз, ал жылқылар қолданысқа, мініске жарамды болуы қажет». (§ 141) Қараңыз: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. 410–411-беттер.

Ғылыми-көпшілік басылым

Шоқан Уәлиханов

СОТ РЕФОРМАСЫ ЖАЙЫНДА ЖАЗБА

Кіріспе мақала мен түсініктеме С.Ф. Ударцевтікі

ЗАПИСКА О СУДЕБНОЙ РЕФОРМЕ

Вступительная статья и примечания С.Ф. Ударцева

(қазақ, орыс тілдерінде)

Орыс тілінен аударғандар:

Т.С. Қаймолдинов, Б. Қожабеков

Редакторы *Ж. Нұрғожина, М. Ахметова*

Беттеуші *Ж. Құрманғалиева*

ИБ № 981

Теруге 12.03.2025 жіберілді. Басуға 28.04.2025 қол қойылды. Пішімі 70x90/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 13,05. Есептік баспа табағы 8,8. Таралымы 150 дана. Тапсырыс № 17.

«Жеті Жарғы» ЖШС., Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10-үй.

Өндіріс бөлімі: 8 (727) 272-57-47;

Маркетинг бөлімі: 8 (727) 272-22-82;

e-mail: marketing@zhetizhargy.kz

[www: zhetizhargy.kz](http://www.zhetizhargy.kz)

Тапсырыс берушінің файлдарынан басылды.

ЖШС “Іргетас”. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10.